

*Балалар мен жасөспірімдерге арналған
«денсаулық және өмір дағдылары» кітаптар сериясы*



МАЙКЛ А.
КАРЕСТИО

БЛЭК ДЖЕК АЙЛАҒЫ:

ҚАЙҒЫНЫ ЖЕҢГЕН БАЛА

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН
«ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР ДАҒДЫЛАРЫ» КІТАПТАР СЕРИЯСЫ

BLACK JACK JETTY

A BOY'S JOURNEY THROUGH GRIEF

by Michael A. Carestio



БЛЭК ДЖЕК АЙЛАҒЫ

ҚАЙҒЫНЫ ЖЕҢГЕН БАЛА

Майкла А. Карестио



Астана

2018

Авторлық құқық © 2010 Магинеишн пресс.

Барлық құқықтары қорғалған

Америка Құрама Штаттарының 1976 жылғы авторлық құқық туралы заңында рұқсат етілген жайттарды қоспағанда, осы жарияланымның қандай да бөлігін ешбір нұсқада немесе қандай да бір құралдармен таратуға болмайды. Сондай-ақ дерекқорда немесе іздеу құралында баспагердің жазбаша рұқсатынсыз сақтап қоюға да тиым салынған.

MAGINATION PRESS жариялаған.

Америка Психологтар қауымдастығы

Білім беру мақсатында басылатын кітаптар қорының басылымы

750 First Street, NE

Washington, DC20002

Кітаптарымызды, сондай-ақ толық каталогты оқығыңыз келсе, қосымша ақпарат алу үшін 1-800-374-2721 телефонына хабарласыңыз немесе www.apa.org/pubs/magination сайтына кіріңіз.

Кітаптың мұқабасы мен дизайнын Silverander Communications компаниясы дайындады

Мұқабандағы сурет Westend61/Getty Images

4-беттегі иллюстрацияларды Alex Forbes ұсынды

Worzalla, Stevens Point, WI басылып шыққан

Worzalla, Stevens Point, WI баспасы

Конгресс кітапханасының жарияланымдары /Майкл А., Каристио

Блэк Джек Жағалауы: Әкесін сағынған бала/ Майкл А. Каристиобет, см.

Әкесі опат болған Джектің жаны жабырқап, өзі күйзеліске түсіп кеткен. Әкесінің Нью-Джерси жағалауындағы атажұртына барған Джек бұрын кездеспеген бауырлары мен туыстарының ортасында жүрегіндегі сағыныш сезімін басуға тырысады.

ISBN-13: 978-1-4338-0784-8 (қатты түптеу)

ISBN-10: 1-4338-0784-X (қатты түптеу)

ISBN-13: 978-1-4338-0786-2 (pbk. : қатты қағаз)

ISBN-10:1-4338-0786-6(pbk.:alk.paper) [1.Қайғы-қасірет әңгімесі. 2.Отбасылық өмір – Нью-Джерси – Қиял-ғажайып әңгіме. 3.Теңіз хикаяттары. 4.Нью Джерси – Қиял-ғажайып әңгіме.] I.Атауы.

PZ7.C21185B1 2010

[Fic]--dc22 2010001260

2010 жылдың наурыздың алғашқы күндерінен басып шығарылды

10 9 8 7 6 5 4 3 2 1



Жазбамды қыздарым Кэндис, Эрика Ли, Райли мен Камринге арнаймын

М А З М Ұ Н Ы

1-ТАРАУ. Үйге қайтайықшы	11
2-ТАРАУ. Менің атым Джек	15
3-ТАРАУ. Сұрықсыз ағаштар	19
4-ТАРАУ. Қош келдіңіздер!	22
5-ТАРАУ. Блэк Джек жағалауы	26
6-ТАРАУ. Әулет	29
7-ТАРАУ. Алға жылжу	35
8-ТАРАУ. Қазына	38
9-ТАРАУ. Тулаған толқындар	46
10-ТАРАУ. Менің атамекенім!	50
11-ТАРАУ. Қазына тапқан Гудини	53
12-ТАРАУ. Ең керемет жаз	57
Оқырман назарына	59

1 - Т А Р А У

Үйге қайтайықшы



– Жартасты таулардың үстінен ұшып өттік. Солтүстік Индиананың біраз бөлігін, Небраска, Айова, Илинойсті артқа тастадық. Сен әлі тіл қатпадың... Джек, Филадельфияға жеткенше осылай үнсіз отыра бермексің бе?! Өтінемін, бірдеме деші. Қалай ойлайсың, бір ай бойы жағалауда, тып-тыныш өлкеде ішіміз пыспай ма?

«Маған не дейді енді? Ол жаққа барғым келмейді дедім ғой. Нью-Джерсиде, қайдағы біреулердің үйіне не деп барамыз. Ала жаздай ол жақта не бітіреміз? Жоқ, үйге қайтайықшы. Ол жаққа барғым келмейді»[1].

Джек іштей арпалысып отыр еді. «Галилей: ұлы астроном» кітабынан бас алмай отырғансып, анасына қарамауға тырысты. Анасы шашын құлағының артына қайырғанда, Джек ызаланып басын сілкіп қалды.

– Шашың өсіп кетіпті ғой. Кәдімгідей өзгеріпсің, – деді анасы жылы үнмен.

«Өзгерген дүние көп. Мысалы, бұрын әкем тірі еді». Джек бұл сөзін де іштей айтты.

– Көп нәрсе өзгерді, Джек. Биыл екеуміз үшін де ауыр жыл. Әкеңсіз дүниенің бәрі өзгереді. Түсінемін. Бірақ біз бұл тығырықтан шығатын жол табуымыз керек. Күндер өтер, жан жарасы әйтеуір бір жазылар. Осы жазды әкеңнің отбасымен бірге өткізсек, біздің де, олардың да қайғымыз жеңілдер. Джек, олар да әкеңді сағынады. Бәрі әкеңді сағынып жүр, – деді анасы.

Джек басын көтерместен:

– Ол адамдарды танымаймын, – деді күбірлеп.

Анасы:

– Кешір, бір нәрсе дедің бе?

– Әлгілер мені жақтырмаса ше?

– Джек, «әлгілерің» бөтен емес, туысың. Біз бір әулетпіз. Сен оларды білесің. Әкең туыстары туралы көп әңгіме айтатын еді ғой. Әкеңнің Блэк Джек жағалауында өткізген жазғы демалысы туралы таңажайып әңгімелері есіңде ме? Атлант мұхитының жағасындағы сол бір ескі үйдің суретін де көрдің ғой. Кіші атаң – Блэк Джек туралы әңгімені бүгешігесіне дейін білесің. Оның шағаласы бар екенін, оны сөйлеуге үйретпекші болғаны туралы оқиғаны есіңе түсірші?

– Құстар сөйлемейді... – деді Джек басын көремеген күйі. Бірақ нық жауап берді.

– Құстар неге сөйлей алмайды екен? Сөйлегенде қалай?! Мәселен, ара тотықұсы. Жаңалықтардан оның сөйлегенін көрсетті ғой.

– Тотықұс сөйлей алады. Бірақ ол сөйлесе алмайды ғой. Шағаланың да адаммен әңгімелесіп отырғанын көрген жоқпын. Анашым, сөйлесу немесе әңгімелесу үшін құстың миынан артық ақыл керек.

– Саған бірнәрсе айтайын, «ақылдым» менің. Дүниедегі ең қызық әрі таңажайып оқиғалар Блэк Джек жағалауында өткен. Сыңар аяқты теңіз шағаласы осы жазда жағалауда құлағыңа сыбырлап: «Кеше кешкісін Филлис не бітірді?», – деп сұрап жатса, сыпайы бол, ақылды балалар сияқты жауап бер. Ол шағаланың есімі – Лаки. Ал Джейн апайың туралы не айтасың? Сен Джейн апайыңды білесің ғой.

«Джейн апайымды екі-ақ рет көрдім. Алғашында үш жасымда, ата-анам Блэк Джек жағалауына алып барған кезде. Ол кездесу мүлде есімде жоқ. Сондықтан ол есептелмейді. Екінші рет әкемді жерлеген кезде. Ол да онша есімде жоқ. Басқа ешкімді де танымаймын. Анам екеуімізді ғана білемін... Анам және мен...».

– Сенімен кездесуді тағатсыздана күтіп жүрген немере бауырларың, ағаларың, әпкелерің, апаларың – туыстарың өте көп!.

«Енді жетпегені солар еді...».

– Олар да әкеңді қатты жақсы көретін...

– Әкемді біз сияқты ешкім жақсы көрген жоқ! – деді Джек анасының көзіне тіке қарап.

Оның иегі кемсеңдеп, жанары жасқа толды.

«Неден қорқамын? Барамыз да қайтамыз. Жоқ, мен қорықпаймын!»...

– Атлант мұхитын компьютерден ғана көрген Эндрю мен Коди мұхитты өз көзімен көрге ынтық екеніне бәс тігем, – деді анасы әңгіме ауанын өзгертіп. – Филадельфияға барып суретке түсейік. Оларға Бостандық қоңырауы мен Тәуелсіздік сарайының алдында түскен суретінді көрсетерсің.

– Оның несі қызық? Олар мұның бәрін интернеттен көріп алған.

«Анама Эндрю және Кодимен күнара Skype арқылы сөйлесіп тұрамын деп уәде берген едім. Эндрю мен Коди – Колорадодағы ең жақын достарым. Олармен де сөйлескім келмейді. Анам уәдемді ұмытып кетсе екен»...

– Бұл саяхаттағаннан да ерекше сапар болмақ. Сен оларға ірімшік қосқан стейкті қалай жеу керегін көрсетесің. Ал Джейн апайың Филлилер ойынын көру үшін билеттер алады. Эндрю және Коди Колорадодан ешқайда шыққан емес. Оларға бұл қатты ұнайды, – деді анасы өз сөзіне мәз болып.

– Негізінде мұхитқа сапарлап шықпаймыз ғой, солай ма? – деді Джек.

– Саған толқындармен жарыса жүзуді үйретеміз. Жағалаудан тым алыс кетеміз деп айта алмаймын. Бірақ біз де жап-жақсы жүземіз ғой, рас па? Бауырларың буги тақтайшаларымен жақсы жүзетінін естідім. Буги тақтайшалары не екенін білесің бе?

– Бір сүйкімсіз нәрсе шығар?

– Жоға, Джек. Табаққа ұқсайтын скейтборд қой. Ол шамамен жағажайдағы судың бойымен 7–8 сантиметр тереңдікте сырғи алады. Буги тақтайшаларымен қалай сырғанар екенсің, оны да байқаймыз, – деп

жымиды анасы.

– Терең суға сүйрейтін иірімге түсіп қалсақ ше? – деді Джек қорқынышын жасыра алмай.

– Ешнәрсе де болмайды, – деп жұбатты анасы.

– Әкем де осылай дейтін, – деп жауап қатты Джек.

«Ешнәрсе болмайды! Өтірік айтады. Жамандықтан қашып құтыла алмайсың. Қорыққым келмейді. Бізландыратыны – қорқынышқа да үйреніп алдым. Қалай сонда?»...

Джек әскери киім киген әкесінің әңгімесін өзге оқушылар да тыңдасын деп, мектепке ертіп барған кезін есіне алды. Джектің әкесі Колорадо штатының Ұлттық ұланында қызмет еткен еді. Ол әкесіне әскери киім сондай жарасады деп есептейтін. Джек шашын да әкесінікіндей етіп қидыратын. Ол әкесін мақтан тұтатын.

Әкесі әскери қызметпен Ауғанстанға аттанғанда, Джекке «анаңның тілін ал» деп тапсырып кетті. Ол ұлына «анаңның жүрегі арқылы сөйлесемін» деп кетіп еді. Енді, міне, анасы бейтаныс жерге барып, бөтен адамдармен жазды өткізсек дейді. Әрине, ұнамаса да анасының тілін алуы керек, амал жоқ.

Анасы ұлының көзіне тура қарады.

– Джек, мен де қатты алаңдаймын. Иә, қайғымыз сейілуі үшін уақыт керек. Қайғының ауырлығы сонша, еңсені езіп жіберді. Менен айырылып қаламын ба деп де қорқатыныңды білемін. Уайымдама, әркез қасыңда боламын. Ең қимасыңды жоғалтып алдың, түсінемін. Жердің қиыр шетінде жаздың мамыражай күнін өткізуге бара жатырмыз. Әкеңнің яғни сенің де туыстарыңның ыстық ықыласы жан жарамызды жазар деп үміттенемін. Біз бұл қайғыдан сейілеміз, Джек, рас айтамын, – деп анасы Джекті құшағына тартты.

«Бәрі де әкемнің айтқанындай» деді Джек тағы да іштей сөйлеп.

2 - Т А Р А У

Менің атым Джек



– Әуекомпаниямызды таңдағандарыңыз үшін зор алғыс! Сіздерге әрдайым қызмет көрсетуге дайынбыз. Филадельфияға қош келдіңіздер! – деді дауыс ұлғайтқыш арқылы хабарлама жасаған ұшқыш.

Ұшақ қонар кезде Джек қатты алаңдады. Ол үйінен ешқашан осыншалықты алысқа ұзап көрмепті. Мұхитты ешқашан көрген де, естіген де емес. Мұндағы туыстарын да жақсы танымайды ғой.

Менің мұнда болғым келмейді. Мүмкін, мен бір нәрсе лақтырып жіберсем бе, болмаса бір нәрсе істесем бе екен?

– Әуежайда Джейн апайыңмен күтіп алуға келетін немере бауырларыңның аты есінде ме? Қане, құлыным, қабағыңды ашшы. Рас айтам, бұл жер саған ұнайды.

«Анам бәрі жақсы дей береді. Бірақ, бәрібір, үйге қайтқым келеді».

– Никки мен Вилли – бауырың. Бірақ кімнің кім екенін ұмытып тұрмын. Ник – үлкені, одан кейін Элли... – деді анасы.

– Ол қыз ба? – деді Джек күлімсіреп.

– Дәл таптың, ақылдым. Міне, көңілденіп қалдың, – деді анасы риза кейіппен. – Эллисон – Джейн апаңның қызы. Ол жақта тағы да бір жиенің бар. Оның аты – Райли. Ол сенен сәл кішірек. Бірақ, алаңдама. Аяғыңа оралғы болмайды.

Джек пен анасы сыртқа қарай шықты.

– Кейт, Кейт, – деді бойшаң, өңін күн сүйген апай.

– Джейн апай, – деп анасы оған қарай құшақ жайды. Олар құшақтасып амандасты. Джек өзара шекісіп қала беретін өжет екі ұл мен жасөспірім қызды және тағы бір кішкентай қызды көрді.

«Мыналарың кім? Бұл – менің өмірімдегі ең ұзақ жаз болатын сияқты».

– Сәлем, Джеки, – деп Джейн апайы құшақтап, бетінен сүйді. – Әкеңнен аумай қалыпсың. Келгендерің жақсы болды. Аға-қарындастарыңа сәлемдесе ғой. Бұлар – Элли, Ник, Вилли және Райли. Қалғандары үйде сендерді сағына күтіп отыр.

– Элли, сен сондай әдемісің, – деді Джектің анасы жасөспірім қызды құшақтап.

Элли Джектің бетінен сүйді.

– Енді кімнің кім екенін анықтайық, – деді анасы аққұба келген екі ұлға бұрылып. – Сен – Вилли, ал сен – Никсің ғой.

– Жоқ, мен – Никпін, ал мынау – Вилли, – деді екеуінің ішіндегі ұзынша келгені.

– Екеуің Блэк Джек жағалауын Джекке түгел аралатыңдаршы. Біз оны әлдеқайда кішкентай кезінде алып келген болатынбыз. Бірақ ол сапар Джектің есінде қалмапты.

– «Біз» дегенде кімдермен келіп едіңіздер? – деп сұрады Ник.

– Джектің әкесі және біз, – деді анасы Джекті құшағына тартып.

Ник кенеттен көзін төмен салып, Джектің әкесі туралы білетінін есіне түсірді.

– Мен – Райлимін, – деді дөңгелек жүзді, қоңыр шашты қыз Джек пен оның анасына қолын созып. Ол құшақтасқанды ұнатпайды екен. Джек те құшақтамағанына риза болды.

Барлығы олардың сөмкелерін алуға бірге беттеді. Джек әуежайды соншалықты үлкен, адамы көп және шулы болады деп ойламаған еді. Абыржығанын білдіртпеуге тырысты.

– Колорадода қалай? Жақын жерде мұхит бар ма? Жағажайлар ше? – деп сұрады Райли.

– Мұхит жоқ. Бірақ біздің үй жақтағы көлде жағажайлар бар. Кең дала, ормандар мен таулар қоршап жатыр. Ал Нью-Джерсиде не бар? – деді Джек тәкаппарлана.

– Бізде қарағайлы ормандар бар, – деді Райли. – Ол жердегі ағаштар ірі әрі өте кәрі. Сендер не ойнайсыңдар?

– Әр кезде әрқалай. Жұлдыз санаймыз, саяхатқа шығамыз. Анамның сүйікті лагері – Рокки Стрим Глен. Әкеме Бүркіт шатқалы ұнайды, – деді Джек әкесі тірі сияқты әңгіме айтқанына ренжіңкіреп.

– Блэк Джек жағалауындағы жұлдыздарды көрмейінше, ешқандай жұлдыз туралы айтпай-ақ қой. Солай емес пе, Джейн апай? – деді Райли.

– Иә, бізде жұлдыздың көптігі сондай, санына жетпейсің, – деді Джейн апай.

Олар автотұраққа келді.

– Бұл Дэннің көлігі, – деді Джейн апайы. – Дэн – Ник пен Виллидің әкесі. Сендерді алып кету үшін көлігін сұрап алдық.

– Алға!– деп Ник көлікке жүгіре жөнелді.

Вилли бүртиып қалды. Ник Эллидің жанындағы алдыңғы орындыққа отырып алды.

– «Алға!» деп сендер де жарысасыңдар ма? – деп сұрады Джейн апайы Джектен.

– Әкем екеуіміз анаммен үнемі ойнайтынбыз...

– Өзім де білген едім. Әкең туралы көп әңгіме айтып бергім келеді. Сенімен сырласуға асығып жүрмін. Әкең ғажап бала болған еді, – деді апайы.

«Болған! Ол ғажап бала болған! Ешқандай әңгіме тыңдағым келмейді. Неге түсінбейсіңдер?! Анама да ештеңе демей-ақ қойсаңдар екен».

– Әкең, яғни балақай Джеки туралы бәріміз де айтқымыз келеді. Сені балақай Джеки дейік пе, әлде Джек деген жөн бе?

– Әкем мені балақай Джеки дейтін. Бірақ мені Джек деп атаңыздар.

– Келістік, – деді Джейн апайы. – Білесің бе, Блэк Джек атаң да жай ғана Джек болатын. Ол, әрине, Джеки немесе балақай Джеки болған емес. Блэк Джек жағалауы керемет қой! Бізде бірнеше Джек бар. Атаң – Блэк Джек, әкең – балақай Джек және тағы бір Джек. Ол – сенсің. Джек, білесің бе, әкең – балақай Джекті қатты сағынып жүрмін. Сен де сағынған боларсың.

Сұрықсыз ағаштар



Джейн апайы, анасы, Райли ортаңғы орындарға, ал Вилли мен Джек ең артына отырды. «Алға!» дегенде жүгіріп барып алдыңғы орынға отырып алу керек. Ол адам өзі қалаған әуенін қойып, радио толқынын ауыстыра алатын. Алдыңғы орынға жайғасқан Ник радио толқындарын қайта-қайта ауыстыра бергесін, Джейн апайы «қарағайлар арасына лақтырып тастаймын» деп қорқытты. Элли көлік жүргізіп отыр. Ол блютуз арқылы сөйлескенде Ник оған бет-жүзін тыржитып ойнады. Джейн апайы анасымен әңгіме-дүкен құрып отыр. Джейн апайы мен анасы көп күлді. Вилли аз сөйлейді екен. Ол фургонда өзі бірге жолда болған хайуанаттар бағының аңдары туралы сәл айтқаны болмаса, жақ ашқан жоқ.

Джек терезеге қарады.

– Мидай жазық дала деген осы екен ғой, – деді күбірлеп.

Оны Джейн апайы естіп қалды да:

– Джек, Нью-Джерси бау-бақшаның отаны деп аталады, бірақ кейінгі уақытта бау-бақшаны табу қиынға соғып бара жатыр. Колорадодағы таулар туралы ұмыт! Оңтүстік Джерси тақтайдай тегіс мекен. Бір кездері мұнда ауылшаруашылық жерлер көп болған. Қазір бұл маңда, негізінен, мемлекетаралық жол жатыр. Бұл жолдың бойында асханалар, жанармай құю бекеттері, жаңа және қолданыстағы автокөлік сататын орындар, кондиционер мен кабельді телевидение сататын сауда орталықтары, қонақ үйлер орналасқан, – деді.

– Бұл өңір сонда бау-бақшалар мекені болғаны ғой. Солай ма? – деп сұрады Джек.

– Иә, дәл солай. Колорадо штатындағы қарағай қандай еді? Оңтүстік Джерсидегі қарағайлар аса биік емес. Олар тарбиған әрі ұсқынсыз. Мұнда жер құмдақ, сондықтан ағаштың тамыры да көрініп жатады – деген Джейн апайы терезеге қарап, қаншама рет осы қарағайлардың қасынан өткенін есіне алды.

«Сөзім жоқ! Ұсқынсыз, қауіпті орманда сұрықсыз ағаштар мен құм арасында қалғаным ба? Ант етемін, өскен кезде үйден жыраққа кетпеймін. Үйінен шыққан адамдар бәрібір оралмайды. Саябақ күзетшісі, астроном, өнертапқыш немесе мал дәрігері болатын шығармын. Тек солдат болмаймын және қай жерге бара қалсам да, Нью-Джерсиді желкемнің шұқыры да көрмейді».

Олар ұзақ-сонар жер жүрді. Радио да үздіксіз ойнап тұр. Көліктегілердің дауысы одан да асып кетті.

– Джек, Колорадода жабайы аңдар бар ма? – деп сұрады Вилли.

– Серуенге шыққанда бұғы, ал кейде бұландарды көреміз. Кейде тұтас табынымен жүреді. Аю сынды ірі жыртқыштар, құстар және түлкі мен құндыз сынды ұсақ аңдар да кездеседі.

– Қандай керемет! – деді Вилли.

– Блэк Джек жағалауында бұланнан басқа аң – Эллидің достары шығар, – деп Ник күліп жіберді.

– Мән берме, Джек, – деді Элли. – Жағалауда қызық көп. Әсіресе табиғатты ұнатсаң, уақыттың қалай өткенін білмей де қаласың. Құмнан үй жасауға, толқынмен жарысуға, ұлутастар жинауға, шағалалар қууға, шұңқырлар қазуға, қазынаны іздеуге де болады.

– Иә, жағалауда қызық көп, – деді Райли. – Өзің де көресің.

– Су иісін сездің бе, Джек? – деді Джейн апайы терезеден ескен ыстық ауаны жұтып.

Айналаға қараған Джек жіп сияқты ирелеңдеген жіңішке тас жолдың жан-жағын қап-қара су басып жатқанын аңдады.

– Грейт-Эгг-Харбор айлағында кетіп барамыз, Джек. Үш ғасыр бойы төзімді, қаһарман балықшыларымен даңқы шыққан өңір, – деді Джейн

апайы.

Апайы алғаш рет көріп тұрғандай жан-жағына қарағыштай берді. Толқын жағаны сипап өтеді. Толқын, қайықтар, қамыс ұшы мен құстар – бәрі бір мезгілде билеп тұрғандай.

– Джек, өне бір құтанға қарашы, – деді Джейн апайы. – Қарашы, ол сұлу әрі нәзік.

– Әдемі екен, – деді Джек. – Оны хайуанаттар бағында ғана көрген едім.

– Тағы біреуі тұр. Маған аққұтандар ұнайды. Олардың жағалауда жатқан қауырсындарын жинағанды жақсы көремін. Үйге барғанда көрсем ғой, – деді Вилли.

– Кемелерге қарашы, Джек. Бұл яхталардың тұрақтайтын орны, – деп Ник қуана айғайлап жіберді.

Джейн апайы Никтің сөзін құптағандай басын изеді.

Қош келдіңіздер!



«Маргейт-ситиге қош келдіңіздер!» деген жазуды көрді. Джек мұндай жерді бұрын көрген емес. Колорадомен салыстырғанда бұл жерде тіршілік қыз-қыз қайнап жатқандай. Адамдар да ығы-жығы. Демалып жүрген отбасылар да көп.

– Кім балмұздақ жейді? – деді Элли, қызыл сиырдың басы ілініп тұрған үлкен суреті бар дүкенге беттеп. – Джек, бұл – «Уддер-Делайт» дүкені. Осы жағалаудағы ең керемет тәтті сатылатын жер.

Джек жан-жағына көз тастады. «Уддер-Делайт» шомылу киімін, жағажай ойыншықтарын және сэндвичтерді сататын кішкене дүкендер мен дүңгіршектердің арасында тұр екен. Маусым айының аяғы болғанымен, Оңтүстік Джерсиде күн тамыздағыдай шыжып тұр. Джек таулы аймақтың салқын ауа-райына үйренген еді, сондықтан көліктен шыға ыстық моншаға кіргендей, демі тарыла бастады.

«Тамаша жер дегені осы ма?».

Джейн апайы оның қабағы түсіп кеткенін аңғарып қалды.

– Қапырық ауаға үйренбеген болсаң, тыныс алуың қиындауы мүмкін. Қазір мұхиттан соққан жел қапырықты айдап әкетеді. Қандай балмұздақты ұнатасың, Джек?

– Шоколад... немесе ваниль. Екеуі де ұнайды.

– Жолың болғыш екен, Джек. Мұнда шоколадты балмұздақты керемет етіп дайындайды. Дәмін бір татсаң, өлердей жақсы көріп кетесің, – деді Джейн апайы.

«Өлердей! Тағы да өлім жайлы».

– Үстіне шоколад түйіршіктерін сепсін бе?

– Иә.

– Біреуіне шоколад себіңіз, – деді Джейн апайы сатушы қызға.

– Жылтырап тұр! – деді Джек таңғалып. Ол ұп-ұнтақ шоколад түйіршіктерін бұрын көрмеген еді.

– Иә, қап-қара болып жылтырап тұр, – деп ол күлді.

Джек күлімсіреді. Джек Джерсиге келгелі алғаш рет күлімсіреді. Ол анасының кейін бұрылып, әлденені көрсетіп тұрғанын аңғарды. Анасына жақындағанда, қабырғада қаз-қатар ілінген суреттерді көрді.

– Бұл жылдар бойы осында келіп кеткен адамдардың суреттері. Мұнда Маргейт-Ситиде әр жылдары болған құтқарушылардың суреттері ілінген. Қызық, кімдер бар екен?

«Әкемді іздеп тұрған болар».

– Анау сенің әкең, – деді анасы, кеудесіне қолын айқастырып тұрған, қараторы, сымбатты жас жігітті көрсетіп. – Мына жерде де тұр.

– Джекки үш маусым құтқарушы болды. Бұл кезде өте сымбатты жігіт еді, – деп Джейн апайы күлді.

– Дұрыс айтасыз, – деді анасы құптап...

«Тезірек кетсек екен. Вилли балмұздақты емес, шоколад ұнтағын ғана жеді. Көлікке барайықшы, бұл жерден кетейікші?».

– Элли! Элли! Жүргізушіміз қайда жоғалды? – деп айғайлады Джейн апайы.

– Мен оның қай жерде екенін білемін, – деді Ник «Уддер-Делайт» жаққа қарай жүгіріп бара жатып. – Ол мұнда, – деді бір бұрышта телефонмен сөйлесіп тұрған Эллиді нұсқап.

– Оның қолынан телефоны түспейді, үнемі сөйлеседі немесе хабарламалар жазумен болады, – деді Ник.

– Жасөспірім кезең, – деп қыстырыла кетті Вилли.

– Біз оны ұялы телефон ханшайымы деп атаймыз, – деп Ник күлді.

– Элли! – деп шақырды Джейн апай.

Элли анасына «менсіз бара беріңдер» дегендей ишарат жасады.

– Жүргізушімізден айырылып қалған сияқтымыз. Ол үйге қайтар жолды біледі. Ал біз қозғала берейік. Келесі аялдама – Блэк Джек жағалауы. Қане, машинаға отырыңдар! – деді Джейн апайы.

Джек салқын көлікке қайта оралғанына қуанып, терезеден сыртқа үңілді. Кішкене орындықтарын, қолшатырлар мен сөмкелерін ұстаған адамдар әлдебір жаққа кетіп барады.

– Олар қайда барады? – деп сұрады Виллиден.

Вилли:

– Жағажайға, – деп жауап берді.

Джейн апайы көлікті оталдырды. Дүкендер мен дүңгіршіктер жолда қалды. Жол да жіңішкере бастады. Үйлер де бір-бірінен алшақ орналасқан екен. Ол бұрылыс жасап, асфальттан қиыршықты тас жолға шықты.

Дэннің фургоны тоқтаған кезде, апайы Джекке:

– Міне, алып Атлант мұхиты. Оң жағында – Грейт-Эгг-Харбор шығанағы. Мұхиттар – жердегі ең ұлы күш. Адам сенгісіз алып су, солай емес пе? – деп сұрады Джейн апайы.

Джек аптап ыстықты ұмытып, көліктен шықты. Ол мұхитты қол созым жерден тұңғыш рет көріп тұр. Ғажап! Ақ көбіктенген, ақшулан толқын жағалауға соғылып, жартастардың арасына сіңіп жоғалады. Джек өзінің құртақандай, қорғансыз бала екенін ұқты.

«Су қап-қара тұңғыық. Жаны бар сияқты. Мен көрген өзен суларынан мүлдем бөлек. Су – ормандағы биік ағаштар сияқты теңселіп тұр».

Джек мұхитқа тесіле қарады. Табиғаттың тылсым күші баурап алғандай. Төбесінен қалықтай ұшқан шағалалардың кейде ащы, кейде мұңды дауысы жүрегін толқытты.

Джейн апайы:

– Атлант мұхиты хаса сұлу дер едім. Солай емес пе, Джек? – деп қай-талай берді.

– Әрине. Неге суды әйел затына теңейсіз?

– Джейн апайға сенсек, табиғаттың барлық ұлы күші әйел затынан, – деп Райли сөзге араласты.

– Бұл судың шегі мен шеті жоқ, – деп Джек таң қалды. – Қиырына көз жетпейді. Біздің үй жақтағы зеңгір таулар сияқты.

– Үй демекші, атажұртың – Блэк Джек жағалауына қош келдің, – деп Джейн апай үлкен үйді нұсқады.

– Бұл біздің де үйіміз, – деді Вилли, Ник және Райли қосарланып.

– Оған сөз бар ма? Бұл үй – мұхиттың долы дауылдарына да, үлкен әулетіміздің қызық пен мұңға толы өміріне де куә. Бұл маңда бізге еш қауіп жоқ, – деді апайы.

Блэк Джек жағалауы



Дәлізі, терезесі мен мұнарасы көп үй жағажайды қорғап, қап-қара жартасқа жармасып тұрған еңселі қамал сынды. Үй Атлант мұхиты мен Грейт-Эгг-Харбор шығанағын қақ ортасында орналасыпты.

Джек мұндай еңселі үйді ешқашан көрген емес.

– Бұл – ашық айдын. Тылсымға толы қанды су. Адамдар Блэк Джек жағалауының мінезі бар дейді, әсіресе, су көтерілген кезде жағдай қиындайды. Жүзгіштер суда абай болмаса бұл толқындар жағажайға лақтырып тастайды. Ол адамдар өне-бойын ұрып тастағандай сезінеді, – деді Джейн апайы.

– Бұл үйді Блэк Джек атай карта ойынынан ұтып алғаны рас па? – деп анасы әңгімені басқа тақырыпқа бұрып әкетті.

Бұл ұзақ-сонар әңгіме еді. Блэк Джек атасы байқампаз, бәрін білмекке ұмтылған жан болыпты. Айналасын жақсартып жүргенді ұнатқан екен. Мәселелерді шешетін құралдар жасауды ұнатыпты. Басқа бұрғыларға қарағанда, жақсырақ жұмыс істейтін бұрғы ойлап тауып, Блэк Джек атай біраз пайдаға кенеліпті.

– Джек те шеберханада жұмыс істегенді ұнатады, солай емес пе, Джек? – деді анасы.

– Саған Блэк Джек атаңның шеберханасын көрсетейін. Ол үй артындағы құмдауыт төбеде орналасқан. Ол оны «ойын үйі» деп атаушы еді. Барлық құрал-жабдықтары мен жобалары, суреттері сонда сақтаулы. Оның АҚШ-та тіркелген 27 патенті бар, сен оны білетін бе едің? – деді Джейн апайы.

– Мәссаған, 27?! – деді Джек. – Сіз оның шеберханасын көрсете аласыз ба?

– Әрине. Ортада тұрған анау мұнараны көрдің бе? Ол «Жесір шыңы» деп аталады. Теңізшілердің әйелдеріне арнап салған. Күйеулерінің жолын тосқан олар осы жерден жарын күтетін. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Блэк Джек атаң бұл төбені шолу мұнарасына айналдырды. 24 сағат бойы атаңның отбасы мен достары және де өзі кезекшілікте отырды. Ол оны «Фашистерге қарсы шың» деп атады. Мұхиттан немістің суасты кемелерін аңдитын. Суасты кемелерін байқап қалса Блэк Джек атаң Кейп-Мэй жағалау бекетіне хабарласып, жағдайды баяндайтын. Америка Құрама Штаттары мен Маргейт-Ситиге ешқандай жау Блэк Джек жағалауындағы аймақтан жолай алмады, – деді Джейн апайы үлкен мақтанышпен.

– Атам жауды ұстады ма? – деп сұрады Джек.

– Жоқ. Бірақ 1944 жылдың қысында атаңның хабарлауымен жағалаудағы күзетші кеменің нысан анықтағышы дұшпанның суасты кемесін байқап, қуғынға шықты. Тіпті су түбіне бомба да тастады. Бірақ жау кемесін ешкім ұстай да, таба да алмады. Сірә, қашып кеткен болуы керек. Бұл оқиға туралы барлық газеттерде, тіпті филadelphiaлық басылымдарда жариялады. Ұлдар сені сол жаққа апарды. Телескоп пен радио байланысы әлі де жұмыс істеп тұр. Кім білсін, мүмкін ғайып болған суасты кемесі қайта шыға келер.

– Бұл жағалау тарихы туралы әңгіме өте көп, – деді анасы.

Джейн апай Джек пен оның анасын үйге апарды.

– Джек, бұл жердегі өмірдің білу үшін алдымен Блэк Джек атаңның арман-аңсарын ұққайсың, – деді Джейн апай. – Ол кісі адам бойындағы ең ізгі қасиет – адалдық пен рақымдылық, одан кейінгі жақсы мінез – білмекке құштарлық деген. Білмекке құштарлықтың арқасында өнертабыс пен саяхатшылыққа құмартты. Қыста Блэк Джек атаң жылы жаққа кететін. Бірақ жазды Блэк Джек жағалауында ғана өткізген. Ол арқашан екінші мүмкіндік пен шабыт деген дүниелерге сенді.

– Шабыт?

– Шабыт – аяқ астынан пайда болады. Блэк Джек атаң «Еңбек – бәрін жеңбек» деген қағидамен өмір сүрді, – деді анасы.

– Иә, – деді Джейн апай сөзін жалғастырып, – «Еңбек етсең емерсің» деген. Блэк Джек атаң биіктерге қол созған адам болды. Джек, сенің атың осы атамыздың құрметіне қойылғанын білесің бе?

– Менің атым – әкемнің құрметіне қойылған.

– Әкең және осы отбасындағы басқа да Джектер кімнің құрметіне осы есімді иеленді деп ойлайсың? – деді Джейн апайы жымыып.

6 - ТАРАУ

Әулет



Бұл Джек пен оның анасы үшін ұзақ күн болды. Үйге кіре сала алдарынан көп адам қарсы алды. Бәрінің Колорадодан келген туыстарымен амандасқысы, танысқысы келіп тұр.

– Мен немере ағаң – Луиспін. Танысып қой, ағаларым: Джордж және Питер. Сенің әкеңмен осы үйде тебісіп өстік. Әкең жайлы көп әңгіме айтып бере аламыз.

– Көбін айтуға аузым бармайды дегің келген шығар, – деп, Пит Луисті қағыта жөнелді.

– Мен – Бэйб апаңмын. Әкеңді бесікте тербеткенмін. Әкең қол-аяғы балғадай бала еді...

– Мен – Дэнмін. Көлікке отырғанда мен жайлы айтқан болар. Біздің үйдегі жеңгең – Николь, Ник пен Виллидің ата-анасымыз. Мен сенің әкеңмен бірге құтқарушы болғанмын. Суреттерімізді Вентнор даңғылындағы тәттілер сататын «Уддер-Делайт» дүкенінің жанын көрген шығарсыңдар.

– Эй, Джеки! Мен сенің Джонни көкеңмін. Әкел қолды, кішкентай балақайым, – деп Джектің қолынан қатты қысып, күлімсіреді.

– Әкең сүп-сүйкімді бала еді. Сен де әкеңе ұқсапсың. Бірге тумасам да, осы отбасының туғанындай болып кеткен тағы бір апайыңмын. Есімім – Сильвия.

– Әкең жарысқан кезде барлығымызды шаң қаптырып кететін. Әкеңе тартып сен де желаяқ шығарсың. Иә, мен сенің тағы бір көкең – Майклмын.

Джек осыншама көп адамнан басы айналып кетті. Әкесі жайлы ашылып сөйлескісі келмейтін. Жаңа туыстарына үйренісе қоймаған-

дықтан болар, қатты қобалжып кетті.

«Қайда қашып кетсем екен. Тоқтатыңыздар! Неге бәрі шатшадыман? Әкемді ойлап қайғырған адамды көріп тұрғам жоқ. Одан мәңгілікке айырылып қалғаны ешкімді ойландырмайды да».

– Балам, келе ғой, – деді анасы.

Джекті бауырлары қоршап алып, жазғы демалыс туралы әңгімелерін бастап кеткен еді. Джек пен анасы сытылып сыртқа шығып, мұхитқа көз тастады.

– Бұл – барлық туысың емес. Демалыс күні қалғандары келеді. Жағдайың қалай?

– Шүкір. Шаршаңқырап тұрмын.

– Әкең анау бір белгіден де асып кетіп жүзе беретін. Ол осы жерді қатты жақсы көретін еді.

– Анашым, бірнәрсе айтайыншы. Әкемді мектепке бекер апарған екенмін. Мен оны мектепке апармағанда, ол қызметі жайлы айтпас еді. Сыныптың барлығы оның әңгімесін ерекше құрметпен тыңдағанын көрген соң ол Ауғанстанға кетті ғой. Иә, мен мектепке апармасам, Ауғанстанға кетпес те еді. Ол жаққа бармаса опат та болмайтын еді. Ол мені жерге қаратқысы келмеді. Әкемді мектепке апарып, әңгімесін айтқызбауым керек еді.

– Джек, оның не? Әкеңнің өліміне сенің ешқандай қатысың жоқ! – деді анасы. – Өзіңді кінәлама! Сол күні әкең сенімен бірге мектепке барғанына ризамын. Ол сол күні сенімен бірге баруы керек еді. Әкең маған сыныбыңмен қалай таныстырғаныңды мақтанышпен айтты. Әскери міндеті туралы әңгімелегенін де қуанып айтып келді. Сен әкеңді мақтан тұтқан сияқты, ол да сені мақтан тұтты.

Джек анасына қарады. Иә, анасы ешқашан өтірік айтпайтын.

Шыны есіктің арғы жағынан:

– Кейт, сені бір минутқа бола ма? – деді жаңадан танысқан туыстарының бірі. – Дэн, Джек үшеуің құмды жағалауда қалып қойып едіңдер ғой. Ол жағалауға өздерің жүзіп барып па едіңдер, әлде қайық аударылып

кетіп пе еді? Сильвия ол кезде қайда болды?

Анасы күлді:

– Баяғыдағы әңгіме ғой. Есімнен де шыға бастапты...

– Анашым, сіз бара беріңіз, мен қазір...

Джейн апай Джек пен анасының қасына келді.

– Қатты шаршаған боларсың, жас жігіт, – дейді Джейн апайы. Сосын анасына қарап: – Джеккі жатын бөлмесіне апарайын, ол ұйықтағаннан кейін құмды жағалауда қалған оқиғаны еске түсірейік.

– Жақсы. Апайыңмен бара ғой, – деді анасы. – Сәлден соң жаныңа барам.

Джейн апай мен Джек жоғары көтерілді.

– Рахмет, Джек. Өте сыпайы және мейірімді баласың, – деді Джейн апайы: – Әкең жайлы естеліктерді тыңдау ауыр екенін білемін.

– Олар жақсы адамдар сияқты.

– Бірақ сенің де көңіліңе қарауымыз керек. Оларды да түсін, әкең жайлы бәрі де айтқысы келеді. Әкең туралы жылы естеліктерді көп айтсақ, оның орнын толтырамыз деп жүр ғой. Қайтыс болған адам туралы қызық естеліктерді емен-жарқын айтып отырғанымызбен де, біздің де жүрегіміз қан жылап жүр. Сенің жүрегің де сыздап кеткен болар? – деп сұрады Джейн апайы.

– Білмеймін, – деді Джек. – Жағдайым жақсырақ сияқты, бәлкім қайғыруға да үйренген болармын. Бірақ бір нәрсені түсінбеймін: олар неге соншалықты шаттанып жүр?

– Олар қатты қайғырды. Қайғыдан қан жұтып тұрып та адам жақсы естеліктерді еске алып, шаттана алады. Иә, саған біртүрлі сияқты. Бұрынғы бақытты күндерді еске түсіріп, шаттану – әкеңді ұмыттық деген сөз емес. Керісінше, Джеки, кешір, Джек, адам бақыттың қадірін қайғырған сәтте біледі. Түсініксіз сөйлеп кеттім бе?

– Жоқ, Джейн апай. Сізді түсіндім, – деді Джек.

– Анаң екеуіңнің келгендеріңе бәріміз қуаныштымыз, – дейді Джейн апай. – Сенің келгенің «әкең тіріліп келгендей» әсер етті. Біз бәріміз оны жақсы көреміз.

Баспалдақтың үстіңгі жағында тұрған Джейн апайы дәліздің соңындағы бөлмені нұсқап:

– Анау сенің бөлмең, – деді.

Бұл бұрыштағы бөлмеде Ник пен Вилли үшеуі ұйықтайды екен. Төрт терезенің екеуі мұхитқа, екеуі шығанақ жаққа қарайды.

– Ай толғанда бұл жерден Франция көрінеді, – деп әзілдеді Джейн апай. – Әкең осы бөлмеде ағасы және немере бауырларымен бірге тұрды. Олар керемет балалар еді, бірінен-бірі өткен сымбатты. Олар қаншама қыздың жүрегін жаулады ғой. Бұл туралы кейін айтып берермін. Мынаны қара, – деп ол сөреде тұрған кубокты көрсетті. Бұл екі ескек кесекөлденең пішінделген үлкен кубок болатын. – Жыл сайын Бригантиннен Кейп-Майға дейін құтқарушылар жарысы өтетін. Әкең мен Джой көкең сол жарыстан жеңімпаз атанған еді.

Джек оның қолынан кубокты алды. Жанында ысқырық ілініп тұр екен. Джейн оны алып, Джектің мойнына тақты. Күміс ысқырық қарая бастапты.

– Әкеңнің құтқарушы ысқырығы. Колорадодағы мектепке кетіп бара жатып, керек адам алар деп тастап кеткен. Ысқырықты сен ал.

– Неліктен құтқарушылар ысқырық ұстайды? – деп сұрады Джек.

– Адамдардың назарын аудару үшін. Алысқа жүзіп кеткен адам ысқырықтың даусын естиді. Ысқырықтың даусы шықса, құтқарушыға қарау керегін бәрі біледі. Құтқарушы – жағажайдың полициясы секілді. Ол жүзушілерге оңға, солға немесе жағажайға қарай жүзу керегін айтады.

Ысқырық Джектің мойнына жараса кетті.

– Жатын киіміңді ауыстырып ала ғой. Анаң айтайын, бөлмеңе келіп кетсін, – деді Джейн апай. – Саған бұл жаз ұнайды деген үміттемін, Джек. Бұл бір ғажап мекен, әлі өзің де куә боласың ғой. Анаң екеуіңнің келгендеріңе өте қуаныштымын. Джек, мұнда өтірік айтпауға тырысамыз. Сен де еш қысылма. Ара-тұра жағдайыңды, көңіл күйіңді сұраймын. Мен сені жақсы көремін, Джек. Ұйықта, аға-інілеріңнің ертеңгі күнге саған арнаған жоспары көп.

Джейн апай басынан емірене сүйді.

Джек жатар алдында тісін жуып, жатын киімін киді. Немере ағалары әлі келмеді. Күні бойы алғаш рет жалғыз қалып отыр. Жан-жағына көз тастады. Әкесінің бала күніндегі жатын бөлмесі. Спорт тауарлары дүкеніне көбірек ұқсайды. Бейсболдан, футболдан, хоккейден, баскетболдан және жүзуден алған кубоктар, суреттер, жалаушалар мен плакаттар толып тұр.

Джек бейсбол, баскетбол және футбол ойнап көрген еді. Бірақ қолынан келмеді. Оның орнына мәселелерді шешіп, заттардың қалай жұмыс істейтінін анықтағанды жақсы көретін. Ол әр нәрсенің табиғатын тануға қатты қызығатын. Жаратылыстану пәндерін, математиканы және компьютерді жақсы көреді. Өсімдіктер мен жәндіктерді зерттеуді, жұлдыздарды бақылауды ұнатады. Джек әкесімен бірге орманда сағаттап жүретін еді. Әкесімен бірге жүрген қатты ұнайтын.

Ол суреттерді анығырақ көргісі келіп, көзілдірігін футболкасына сүртіп алды. Кіші лиганың бейсбол командасындағы әкесінің Джектей кішкене кезі екен. Әкесінің дене пішімі спортшыларға тән ірі және қайратты көрінді. Джек қағаз салатын үстелдің үстіндегі айнаға қарады. Қайтадан суретке, сосын айнаға үңілді. Жоқ, онша ұқсамайды. Джек жұқалтаң, кішілеу, көзілдірік киген бала. Жартылай қорғаушыға қарағанда компьютер бағдарламашысына көбірек ұқсайды.

«Иә, мен спортшы емеспін».

Басқа фотосуреттерден Джек әкесінің өзіне таныс бейнесін көрді. Джек өзін тоқтата алмады, көзінен жас парлады.

Ұйқылы-ояу Виллиді сүйемелдеп бөлмеге алып келген Ник:

– Джек, неге жылайсың? – деп сұрады.

– Жылаған жоқпын.

– Жыладың, – деді Вилли.

– Жұмысың болмасын!

– Әкеңді сағындың ғой, солай ма? – деді Ник.

– Мазамды алмаңдар! Бұл жерді жек көремін! – деген Джек Виллиді итеріп жіберді де, енді екеуі де жылай бастады.

Анасы жүгіре кіріп, ұлдарды бір-бірінен ажыратты.

– Не болып жатыр? – деп сұрады анасы.

– Джек Виллиді итеріп жіберді, – деді Ник.

– Ол өзі бастады, – деді Джек.

– Нені бастады? – деп сұрады анасы.

Джек үнсіз қалды.

– Джек, өтінемін. Өзің ренжіп тұр екенмін деп өзгелерге тиісудің қажеті жоқ. Қане Виллиден кешірім сұра. Тезірек!

Джек кешірім сұрады.

Анасы Джекті төсегіне жатқызды.

– Бүгін күн ұзақ болды. Кішкене ұйықтап алуға тырыс. Таңертең ұлутастар жинаймыз, – деді анасы.

– Жақсы, – деді Джек. – Виллиді итеріп, Никке айғайлағаным дұрыс болмады. Бірақ олар мені келемеждеді.

– Түсінемін. Қайғыны жеңіп шығамыз. Мен сені жақсы көрем, Джеки. Қайырлы түн, – деп анасы оны құшағына алып қатты қысты.

– Қане сендер де ұйықтаңдар, – деді анасы Ник пен Виллиге. Оларды төсекке жатқызып жатып құлағына: – Джек сендерді ренжіткісі келмеді, – деп сыбырлады.

– Кешіріңдер, – деді Джек тағы да.

– Жақсы, – деді Ник.

– Сен де кешірші, – деді Вилли.

Алға жылжу



Келесі күні таңертең Джейн апай мен Айлин әпке әрқайсысының қолына шелек ұстатты.

Джейн апай:

– Ұлутастарды жинайтын уақыт келді! Барлығың қатысуың керек, – деп айғай салды.

– Кім соңында қалады, сол ойыннан шығады, – деп әзілдеді Айлин әпке.

Джек алға шығып, екі апайын сұрақтың астына алды: ұлу неге қабыршақтан шықпайды, қабыршақты басқа қандай жәндік бар... Қабыршақ іздеп жағалау бойын шарлады. Жол-жөнекей жіп-жіңішке аяқтарын билей басқан, кіп-кішкентай қоңырқай құс – балықшыларды көрді.

Келесі күндері бауырларымен бірге құмнан үйшік соғып ойнады, доп тепті, батпырауық ұшырып, құстармен жарысып, зеңгір көктегі бұлттарды тамашалап, асыр сала ойнады.

Толқын тулап, жағаға аласұра ұмтылды. Серфинг ойнайтын-ақ күн.

Өзі құралпы бауырлары толқынмен сырғанап, ойнап жүр. Джектен басқасының бәрі.

– Джек, сен неге серфинг ойнамайсың? – деп сұрады Элли.

– Сырғанауды білмеймін, – деді Джек.

– Түк те қиын емес, – деп Элли оның қолынан ұстап мұхитқа қарай беттеді. Джек тоқтатты.

– Менің онда барғым келмейді, – деді ол.

– Қорықпа, маған сенші. Қалай сырғанау керек екенін білмегендіктен қорқып тұрсың. Анам үйретпейінше, мен де қорқатын едім.

– Саған сырғанауды Джейн апай үйретті ме?

– Иә, анам үйретті. Әкем қасымда көп бола бермейді.

– Әкең қайда сонда?

– Филадельфияда. Олар ажырасып кеткен. Іс-сапардан қолы босамайды.

– Әкесіз қиын ба? – деді Джек.

– Иә. Қасымда жоқ деп көп ренжитінмін. Қазір де ренжимін, бірақ ара-тұра ғана. Болған іс болды. Міне, осылай. Жүрегіңдегіні ақтарып тастауды үйрену керек. Себебі, ол сенің сезімің. Ал алда, ұзақ жол бар, сондықтан алға жылжи беру керек.

– Сен әкеңмен тым болмаса, телефонмен сөйлесе аласың. Ал мен сөйлесе де алмаймын, – деді Джек.

– Ажырасу мен өлім бірдей деп тұрған жоқпын, Джек. Бар болғаны әкеңнің қасыңда жоқ екенін сезінудің өзі қандай ауыр екенін түсінетінімді білдіргім келді, – деді Элли.

Джек сәл күлімсіреп:

– Толқындармен қалай сырғанауға болады, үйретші? – деді.

Элли Джекке толқын жағаға ұрғанда қиғаштап келіп қалай кіру керекін көрсетті. Толқынның астында сырғанауды да үйретті.

– Джек, толқындар жақындағанда ақ көбікті судың астына кір. Сонда толқынның артынан шыға келесің. Бұл – керемет сезім. Байқап көрші. Толқын бәрін шайып өтеді, – деді Элли.

Сырғанап көрген Джектің бойын ерекше сезім биледі. Өзін су сарайының ішінде жүргендей сезінді.

– Барлығы уақыт пен тепкіңе байланысты! – деп айғайлады ол толқын

дауысымен таласа. – Алдыңғы жағына шығып, қолыңды жағаға соз. Асау толқын сені алға өзі-ақ сүйреп әкетеді, – деп Элли серфингті қалай тебетінін түсіндірді.

Джек тұзды суды көп жұтты, бірақ көп ұзамай ол бауырларымен бірге жүріп, серфинг тебуді үйреніп алды. Асыр сала ойнады. Толқындар оны құмды жағада лақтырып тастағанда рахаттана күлетін болды.

Джейн апайы мен анасы жағажайда тұр еді. Джейн апай Джектің күлкісін алғаш рет естіді.

– Жағдайы жақсарып келеді – деді Джейн апай жымыып. – Бәрі орнына келеді, ол жақсы боп кетеді, Кейт, – деді ол Джектің анасына.

– Сен білесің бе, ол түнде шошып оянады. Әкесі сияқты біз де бомбаның астында қаламыз деп үрейленеді. Қатты дыбыс естісе зәресі ұшады. Бірақ дәл қазір ол кәдімгі балалар сияқты асыр салып жүр, – деді анасы.

– Ол кәдімгі бала, – деді Джейн апай. – Бар болғаны қайғыны еңсеруі керек. Иә, оның қайғысы сейіледі.

Айдынға жақындаған Джейн апайы үлкен толқынның астына қарай сүңгіп кетті де:

– Джек, қане, сен осылай істей аласың ба? – деп сұрады.

– Мені де күте тұрындар, – деп айғайлаған анасы да Блэк Джек жағалауындағы суда асыр салып жүрген туыстарына қосыла кетті.

8 - ТАРАУ

Қазынаға жорық



– Анам қазынаны іздеп таба алмады, – деді Ник. Вилли басын изеп келісті.

– Әкем де қазынаны іздепті. Өзі айтқаны еді, – деді Джек. – Бәріміздің де әкелеріміз бен аналарымыз, ағаларымыз бен әпкелеріміз Блэк Джек атаның жасырған қазынасын іздеген.

– Ал біз ол қазыналы бөлмені табамыз, – деді Райли кесімді үнмен.

Маусым айының аяғы болатын және бес күн бойы ақ жауын тоқтамады. Үйден шыққандықтан бұл бес күн ұзаққа созылғандай еді.

– Бес күн бойы жаңбырдың толассыз жаууы сендерге бұзықтық жасамасын деген ескерту! – деді Джейн апайы.

Джектің сегіз жасар немере қарындасы Райли Блэк Джек атайдың қазынасы туралы әңгімені бастады. Жасына қарамастан сұңғақ бойлы Райли ұл балалардың кез келгенімен жарысқанда озып кететін желаяқ еді. Не нәрсені де білуге құштар ол сұрақ қоюдан шаршамайтын.

– Қазына бөлмесі дейсің бе? Оның қобдиша емес, бөлме екенін қайдан білесің? – деп сұрады Ник.

– Құмға құнды нәрсені жасыра алмайды. Себебі, мұхиттың дәл жанындамыз. Жалпы қазынаны жерге көмген соң оны қазып қайта қарай алмайсың, әрі ештеңе де қоса алмайсың. Адамдардың көзіне түсіп, күмәнін тудырасың. Ата-анам полиция қызметкерлері, сондықтан ненің күмән тудыратынын жақсы білемін. Қазына үйде болуы мүмкін немесе жасырын қабырғада сақталған, құпия есік те бар шығар. Мүмкін ол тіпті де бөлмеде емес, «Жесір шыңында» жасырылған сандық тәрізді дүние

болуы мүмкін. «Жесір шыңынан» бастап төменге қарай іздейік. Көзге түспеуге тырысыңдар, – деп ескертті Райли.

– Сонда қалай? – деп сұрады Вилли.

– Яғни үлкендердің көзіне түспеуіміз керек. Олар бізден түк те күдіктенбесін, – деді Джек.

– Дұрыс, – деді Райли.

– Ник пен Вилли құптап басын изеді.

«Жасырын қазынаны үй іші толы ерігіп жүрген адамдардың назарын аудармай қалай іздеуге болады? Бұл автобусқа шалбарсыз кіріп, ешкім мені көрмейді деп үміттенумен бірдей ғой».

Олар келесі жаңбырлы күндерді де қабырғалардан тың тыңдап, кілемдердің астын қарап, суреттер мен жиһаздарды қозғап, қораптарды ашып, қосымша қабырға бар-жоғын тексеріп жүрді. Олар үй жертөлесінен «Жесір шыңына» дейінгі жолды да тексерді. Ештеңе жоқ. Сонда да мойыған жоқ. Қазына жорықшылары болашақ жоспарын талқылау үшін кіре беріске жиналады.

Олар бәрін қайтадан тексермек болды. Үйдің жоғары, төменгі қабатын түгел ақтарып-төңкерді.

– Жоспар керек, – деді Райли.

– Түгел ақтарып шықтық, – деді Ник.

– Тіпті екі реттен қарап шықтық, – деді Вилли.

– Бар болғаны өзгелердің жолымен жүріп келеміз, – деді Джек.

Райли келісіп басын изеді.

– Басқалардан өзгереді ойлауымыз керек, – деді Райли.

– Сыртта жүріп ойлануымыз керек шығар, – деді Джек.

– Ойланар алдында балмұздақ жеп алу керек деп ойлаймын, – деді Вилли.

Барлығы Виллимен келісті. Қазынаға жорық – қиын жұмыс. Балалар желбегейлерін иығына іле сала «Уддер-Делайтқа» бет алды. Мұхит

қаһарланып жатыр екен. Көбік атқан толқындар жағаны аяусыз саба-лайды.

– Бұл не? – деп сұрады Джек.

– Мұхит көбігі, – деді Райли. – Толқындар құмдарды қамыр илегендей араластырады. Дауыл оны жағажайға көтереді. Бұл өте әсерлі көрініс.

Ол екі уысын толтыра көбік алып желмен ұшырып жіберді.

– Қане, көрсейші. Қорықпа, теріге еш зияны жоқ, – деп әзілдеді Джекке. Джек қоңыр көбіктің арасына кіріп, қолына алды, желге тосты.

– Құм аралас, – деді ол.

Қазынаны табуға тіпті балмұздақ та көмектесе алмады. Қандай да бір шешім іздеген балалар, кез келген жерді қарап шықты, тіпті «Уддер-Делайт» қабырғасындағы суреттерге де мән берді. Онда Блэк Джек атасының кезінде жарыста ұстаған алпауыт балықпен түскен суретін көрді. Блэк Джек атасының бейсбол ойыншысымен түскен суретін де бар екен. Жалпы атасының суреттері көп тұр. Көмек болар деген оймен барлық суреттерді зерттеп шықты. Суреттердің арасынан Джек өз әкесін көріп, қуанып кетті. Бұл жолы әкесінің фотосуреттеріне қарағанда мұнайған жоқ. Әкесі туралы ойға батты. Ұзаққа баратын жорықтары мен табиғат аясындағы саяхаты, телескоп орнатқандары, Айды зерттегендері, әкесінің түнде ұйқыға жайғастырат сәттерін еске түсірді. Ол кездің бәрі керемет еді. Райлидің даусы ойын бөліп жіберді.

– Қазына бөлмеңіз қайда, Блэк Джек ата? – деп сұрады Райли. – Белгі беріңізші! Дәл қазір!

– Біз барлық жерді қарап шықтық, – деді Ник.

– Жоқ, әйтпесе, біз оны табар едік қой, – деді Райли.

– Мүмкін, ол үйде емес шығар, – дейді Джек.

Балалар колорадолық бауырларына көз тастады.

– Айтпағым, бүкіл отбасы біз сияқты үйдің астан-кестенін шығарды, бірақ ешкім ештеңе тапқан жоқ, – деді Джек. – Мүмкін, ол бұл жерде емес шығар.

– Тоқтай тұр. Сонда сен Блэк Джек атаның қазынасы мүлдем болмаған дегің келе ме? – деді Райли қабағын түйіп.

– Олай деген жоқпын.

Барлығы Джекке бейне ол үш басты айдаһарға айналып кеткендей тақдана қарай қалды.

Райли баяу ғана:

– Иә, қазына бар. Қазынаның бар екенін бәрі біледі. Блэк Джек ата өз қолымен осы жағалауда жасырынған қазына бар деп ұрпақтарына анық жазып кеткен. Бұл жайында білмейтін шығарсың, өйткені жаңадан келдің, ал біз қазына жайлы көп естідік. Сенбесең Джейн апайдан сұра. Ол саған хатты көрсетеді.

– Әкем қазынаға сенді, сондықтан оған мен де сенемін. Менің ойымша, қазына бұл үйде емес, бар болғаны сол.



Жаңбыр бәсеңсігенімен, сіркіреп тұрып алды. Даланы ақ тұман басып, боран әлі де соғып тұр.

Джек ванильді-шоколадты балмұздағын алып, Вентнор даңғылымен Блэк Джек жағалауына қарай бет алды.

– Шуби болма, – деді Ник.

– Шубилер ғана көшеде жүріп бара жатып балмұздақ жейді, – деді Райли.

Джек:

– Шуби? – деді сұраулы жүзбен.

– Шуби дегендер ... олар туристер сияқты. Олар демалысқа келетіндер. Сондағысы сенбі күні кеште тақтай үстіндегі шағын гольф ойынын ойнайды, – деді Ник.

– Шубилер онша жақсы емес, – деді Райли. – Біз үйге жағажаймен қайтамыз.

Осылайша төрт бауыр үйге бет алды. Олардың арасында ешқандай шуби жоқ.

– Шубилер... – деді Вилли.

– Ол бұл туралы айтқанды ұнатады, – деді Ник.

Олар балмұздақтарын жеп, қазынаны елестетіп келеді.

– Қалай ойлайсыңдар, қазына деген не? – деді Ник қарақшылар туралы ойға беріліп.

– Алтын құймалар. Мүмкін, зергерлік бұйымдар, – деді Райли.

Ник:

– Бұл ақша, бәстесе аламын, бұл көп ақша, – деді Ник. – Бұл әлемді шарлаған саяхаттан әкелген құнды заттар, – деді Джек.

– Біздің суреттеріміз, – деді Вилли.

– Суреттерді қазына деуге бола ма? Блэк Джек ата бәленбай жыл бұрын дүниеден өткен, онда біздің суреттеріміз қайдан болады? – деп келемеждеді Ник інісін.

Вилли бұрылып, жағалаудағы құм иректерін жағалап ойнап кетті. Джек те оған қосылып, толқындар жағалауды соққан құмда ұшып-қонып жүрген кішкене қоңырқай құстармен бірге ойнақ сала жүгіре жөнелді.

Аспанның батыс жағында қою бұлттар жиналып мұхит толқи бастады.

– Тезірек жүргеніміз абзал, – деп ескертті Райли. – Тағы да дауыл басталайын деп тұр.

Джек көкжиекке көз салды. Төбелерінен қара түнек төніп келе жатты.

– Бұл не? – деді Джек.

– Жаңбыр, – деп айғайлады Ник дүлей толқынның дауысымен жарыса.

Ақ найзағайдың жарқылы қараңғы аспанды тіліп өтті. Бауырлар қол-аяғы мен беттерін сабалай жауған тұзды жаңбырдан қаша жөнелді.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

Джек құлағын жауып, теңселе, сүрініп құлады.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

– Вилли! – деп, дауыстады Ник інісіне.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

– Джек! – деп айғайлады Райли.

Ол Джектің қолынан ұстап жүгіре жөнелді.

– Ойын үйіне қарай жүгір!

– Олар Блэк Джек атасы «Ойын үйі» деп атаған үйшіктің есігін сатыр-сұтыр ашып, ішке бар пәрмендерімен жүгіре кірді. Демін ішіне тартып, еденге домалап жата кетті.

Райли:

– Барлығың амансыңдар ма? – деп сұрады Райли. Ник пен Вилли бастарын изеді. – Джек, сен қалайсың?

– Шүкір, – деп сенімсіз жауап берді ол.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

Джек атып тұрып, тығыларға жер таппай есі шығып кетті.

– Күннің күркірі саған түк те қыла алмайды, – деді Ник. – Бірақ найзағай сенің тас талқаныңды шығарып өртеп жіберуі мүмкін.

– Бұл рас, – деді Вилли.

– Бірақ үйде найзағайдан қорықпаймыз, – деді Райли.

– Неге? Найзағай үйге түссе, бәріміздің күліміз көкке ұшпай ма? – деді Ник.

– Тас-талқан шығу, өрт туралы әңгімені қоялықшы осы, – деді Райли, Никке алара қарап, көзінің қырымен Джек жақты нұсқады.

– Жарайды, – деді Ник немқұрайды үнмен.

– Маған алаңдамандар, – деді Джек сенімді үнмен, – Өмірімде күннің қатты күркірегенін естімеппін.

Төртеуі «Ойын үйінде» отыр еді. «Қуаныш, қуаныш, өмір, өмір» деген жазбаға көзі түсті.

– Бұл фарнцузша сөз, – деді Райли. – «Өмірді сүю» деген мағына береді. Бұл Блэк Джек атаның ұстанымы еді.

Джек бөлмені қарап шықты. Керемет көрініс. Ортада әбден кескіленген ағаш үстел тұр. Джек мұнда Блэк Джек атасы үлкен армандарына қол созып, талай түнін осында өткізді-ау деп ойлады. Жұмыс істеген

жердегі қабырғада төбеден еденге дейін түрлі бұранда, кілттер, балғалар, бұрғылар, өлшегіш құралдар, шөткелер, тістеуіштер, аралар және түсініксіз бөлшектер, т.б. саймандар тұр. Блэк Джек ағайдың әйгілі «Ойын үйі» балаларға арналған жер емес еді. Джейн апай ғана кейде осы жаққа өзі келіп-кететін. Балаларды ересек адамсыз кіргізбейтін. Баланың аты бала, олар кейде не болып жатқанын көру үшін ішке кіріп, ештеңені бұзбауға тырысып, үйді бір шолып шығатын. Джейн апай балалардың бұл үйге рұқсатсыз кіргенін білсе, қатты ренжір еді.

Кенеттен жұмыс үстелінің жанында тұрған Вилли:

– Гудини кетіп қалды! – деп шыр ете қалды. Балалар шошып кетті. Бос дөңгелек торды ұстап тұрған Вилли: – Гудини қайтадан қашып кетті, – деп қайғырды.

– Гудини деген кім? – деп сұрады Джек.

– Ол теңіз шаяны, – деп жауап қатты Ник.

– Сен оны неге мұнда алып келдің? Оны жатын бөлмемізде деп ойласам.

– Оған осы жер ыңғайлы. Бұл жерге ешкім келмейді, – деді Вилли.

– Өткен жазда Виллидің шаяндары тордан шығып кеткен еді. Өйткені, ол шаяндарды тамақтандырғанда, тордың есігін құлыптамайды. Сондықтан олар шығып кететін.

Джейн апайдың айтуынша, қашып бара жатқан шаяндар оның есіне белгілі сиқыршы Гудиниді түсіріпті. Содан бері Вилли барлық шаяндарды Гудини деп атайды.

– Кейін ол шаяндарды тауып аласың ба? – деп Джек сұрады.

– Кейде біз табамыз. Кейде Джейн апайдың мысығы Холли бірінші болып тауып алады, – деп Ник күлді.

– Неменеге күлесің? – деп Вилли ағасына бұртиды.

– Гудини үшін кешірім сұраймын, бірақ бізде одан да маңызды шаруа бар. Қазынаны қалай табамыз? – деді Райли Виллидің өкпе-ренішіне аса көңіл бөлместен.

Вилли Гудиниді тауып алам ба деп үмітпен «Ойын үйін» еңбектеп қарап шықты. Қалған үшеуі ақылдаса бастады. Найзағайдың жарқылы үйді жап-

жарық қып жібереді, алайда Джек оған мән бермеуге тырысты.

– Тас талқаныңды шығарып өртеп жібереді, – деді Ник. Райли оны қабырғасынан түртті.

– Барлық жерден іздедік, бірақ осы үйді қарамадық... – деді Джек бар назарын құпия қазынаға аударып.

– Мұнда? «Ойын үйінде» ме? – деп сұрады Райли.

– Тек үш қабырға ғана бар, шатырдың асты да, жертөле де жоқ. Блэк Джек ата қайда жасыруы мүмкін?

«Ойын үйінің» бүйір жақтағы есігі ашылып, ол жақтан сары жамылғы киген Джейн апай мен анасы кірді.

– Иә, неге жүрсіңдер? Қазына іздеушілердің кезекті кездесуі ме?

Райли тізгінді өз қолына алып:

– Мұнда жаңбырдан қашып кірдік. Шын айтамын, Джейн апай, жаңбыр шелектеп жауды.

– Ал сен еденде не іздеп жүрсің, Вилли?

– Гудини қашып кетті, – деді Вилли.

– Қазына туралы білесіз бе? – деп сұрады Райли ентелей.

– Қазына туралы бәрі біледі. Біз бәріміз бірдей қазына жорығында болдық.

– Сонда сіз оның бар екеніне сенесіз ғой? – деп сұрады Райли.

– Блэк Джек атаң бар десе, оның бар болғаны, – деп жауап берді Джейн апай. – Жүріңдер, мұнда кірме деген едім, дауыл болған соң бір ашуымды берейін.

– Ал Гудиниді не істейміз? – деп шырылдады Вилли.

– Ертең қайта келіп, оны іздейміз. Ол осы жерде, басқа жерде болуы мүмкін емес, – деп Джейн апай уәдесін берді.

Жаңбыр аздап саябырлаған-ды, олар үйге қайтты.

– Қазір толған ай, жаңбыр бір апта тоқтаусыз жауды, енді мұхиттың көтерілетін кезі, – деді Джейн апайы.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

Жағажайдың төменгі жағында найзағай жарқылдап жатты. Джек анасының қолын қатты қысты. Ник күлімсіреді.

– Өрт туралы аузыңды ашушы болма, – деп Райли Никке ескертіп қойды.

Тулаған толқындар



Жаңбыр саябырлаған кезде, үйдегілер оттан қашқандай үйден жүгіріп шықты. Көбі серуенге шығып, ал кейбіреулері шубилерді қызықтау үшін «Уддер-Делайтқа» кетті. Джек күн әлі де күркірейтін болар деп үрейленіп, ешқайда барғысы келмеді. Анасынан «Эндрю және Кодимен әңгімелесу үшін үйде отыра беруге бола ма?» деп өтінді. Анасы да осыны қалады. Ол да үйде қалатын болды. Анасының қасында болғаны Джекке де жақсы болды.

Жаңбыр тоқтаса да, жел тоқтар емес. Ылғалды қою тұман Блэк Джек жағалауын орап алып, толған айдың жарығында оны бір құпия сиқырмен байлап алғандай көрінеді. Джек жатын бөлмесінде компьютер арқылы Колорадодағы достарымен сөйлесіп отыр. Олар табиғат клубымен бірге Юта штатына барған сапарлары жайлы айтып берді. Ал ол толқындармен сырғанағанын, Блэк Джек атасының құпия қазынасына жорығы туралы және Гудинидің қашып кеткенін жеткізді. Достары одан қазынаны немесе әлгі жоғалған шаянды тапқан сәтте хабарласып айтуын сұрады. «Бірден айт» деп шегеледі.

Ол төменге түсіп, анасы екеуі есік алдына жайғасып отырды.

– Коди мен Эндрю қалай?

– Жақсы.

– Қазынаны іздеген ұнай ма?

– Әрине. Алайда оны табу оңай емес екен.

– Блэк Джек атаң ерекше адам болатын. Сен оның түнде жағада жатып, «Ай нұрына шомылғанын» білесің бе? Ай нұры шығармашылық қуатты

арттырады деп сенді. Сондықтан оған құпия қазына туралы ой келгеніне күмәнім жоқ.

– Сіз де қазынаны іздедіңіз бе?

– Иә, тұманды түні әкеңмен бірге іздеген едім.

– Үйде?

– Шың жақтан іздедік.

– Таба алмадыңыздар ғой?

– Әрине, таппадық. Білесің бе, Джек, әкең екеуміз осы жерде отырып, жағаға толассыз соғылған толқынның дауысын тыңдаушы едік. Ол ескерту белгісінен асып кетіп жүзгенді ұнататын. Әкең өте батыл болатын. Мен оның бірде өзінен ірі екі адамды құтқарғанын көрдім. Саған жалпы мұхит ұнап жүр ме?

– Иә.

– Әкең осында келгенде ерекше қуанатын. Сенің қатты қайғырып жүргеніңді білемін. Әкең қайтыс болғанда, оны жақсы көретін адамдардың барлығы қатты қайғырды.

«Маған өзгелердің не ойлағаны бәрібір. Мен тек екеуміз туралы ғана алаңдаймын».

– Анашым, ұйықтайыншы. Қатты шаршадым.

– Жақсы. Осында кішкене отыра тұрайын. Бүгін түнде ай толады, бірақ бұлттардан көп нәрсені көре алмайсың. Сәлден соң бөлмеңе кіріп қайтам.

Джек бөлмесіне кіре сала төсекке құлай кетті де қалың ұйқыға кетті.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

Джек көзі бақырайып, жүрегі алқынып, төсектен ұшып тұрды. Вилли мен Никке қарады. Қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. Плакаттар, жалаушалар және суреттер сол орнында. Демек, ештеңе жарылмаған... Түсі екен ғой! Ол көзін жұмып, тез ұйықтап қалды.

ШАТЫР-ШҰТЫР!

Джек шошып оянып, қайтадан төсектен атып тұрды. Жүк пойызы тарс-

түрс етіп бұлардың үстінен жүріп өткендей тарсылдаған жоқ па? Ал Ник пен Вилли түк сезбестен ұйықтап жатыр.

Ол жатын бөлменің есігін ашып ұзын дәлізге қарады. Ешкім жоқ. Джек көкелері ұйықтайтын бөлмеге барды. Питер, Лиам, Том және Энтони қорылдап ұйықтап жатыр. Қалай ғана ешкім естімеді? Тарсылдаған жоқ па?!

«Жынданған шығармын».

Джек бөлмесіне оралып, төсегіне жатты.

ТААААРС!!!

«Жоқ, бұл түс емес!».

Джек ұйықтап қалуға тырысты. Вилли мен Ник шын мәнінде ұйықтап жатыр. Ол анасын шақырғысы келді, бірақ шақырмады. Ұялы телефонын алып Коди мен Эндрюмен сөйлескісі келді, бірақ сөйлеспеді. Ол әкесінің жатын бөлмесінде өлердей қорқып жатты. Басын жастықтың астына жасырып, жарылыстардың тоқтауын сұрап дұға етті.

ТАРС!

ТҰРС!

ГҰРС!

«Тоқтатыңдаршы!».



Дауылдан кейін таңертеңгілік жағалау әдемі және тап-таза еді. Жағажай тегіс. Көк аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Күн жарқырап тұр. Барлық аға-інілері ерте тұрды. Джек түнгі жарылыстар туралы ешкімге ештеңе айтпады.

«Бар болғаны түсім ғана. Ешкімнің де мені есі ауысқан деп ойлағанын қаламаймын, онсыз да солай ойлап жүрген болар».

Күн аптап ыстық. Толқын жағаны соққылайды. Тынымсыз ысқырған жағажай құтқарушылары адамдарды суға жолатар емес. Аға-інілері жағажайда волейбол, футбол ойнап жүр. Кейбірі құмнан сарай салып отыр. Вилли балықшы құстарды қуалап жүр. Сол түні барлығы дерлік жағалауға серуенге шықты. Аттракциондарда ойын ойнады және тәтті мақта жеп, Блэк Джек жағалауына қайта оралғанда әбден шаршаған еді. Толған ай буырқанған толқындарға шуағын шашып тұр. Бұл түні Джек тыныш қана ұйықтайтын болармын деп ойлады.

Менің атамекенім



ШАТЫР-ШҰТЫР!

Тағы да.

Бұл жолы мені ешкім байқамай қалса екен деген оймен Джек қыбыр етпеді. Төсектерінде ұйықтап жатқан бауырлары жаққа қарай бұрылып жатты.

ГҮРС-ГҮРС!

Төсегінен секіріп түсті. Төрт жақтағы терезеден көрінген найзағайдың жарқылы бөлмені жап-жарық қып жіберген еді.

ТАРС!

«Бізді бомбалап жатыр ма? Неге ешкім оянбайды? Неге олар мен сияқты қорықпайды?».

Тарсыл даладан естіледі. Ол терезеге қарай еңбектеп барып, сығалап далаға қарады. Кемежай мен жағалау күндізгідей жап-жарық болып тұр. Су – толған айдың жарығынан гауһар сияқты жалт-жұлт етеді. Толқын жағаны сипап өтеді. Өзге ешкім жоқ.

ТҰРС!

Ол құлағын жапты. Еш пайда жоқ. Жарылыстар бәрібір естіліп жатыр. Қашан тоқтайды? Джек жатын бөлмеден жүгіре шығып, мұхитқа көз салды.

ТАРС!

Джек қатты ызаланды. Ебіл-дебіл жылап тұр. Тулаған толқынға тесіле қарайды. Әкесінің құтқарушы ысқырығымен ысқыра берді.

– Тоқтат мұны! Толқындарды тыныштандыр! Оларды қазір тоқтатшы. Қорқамын! Қорқамын! Қорқамын! Маған көмектесуге міндеттісің!

Джек ысқыруын тоқтатты. Шаршағаннан жерге сылқ етіп отыра кетті. Кенет біреудің сыбырлаған дауысын естіді.

– Сен не істеп отырсың? – деп сұрады ол дауыс. Бұрылып, Райлидің палубадағы әткеншекте отырғанын көрді. Джек ыңғайсызданып қалды және ызаланып кетті. Ол өзін ешкім көріп тұр деп ойламаған еді.

– Сен кіммен сөйлестің? – деп сұрады Райли.

– Сен не, мені аңдып жүрсің бе? – деп Джек көз жасын сүртіп тастады.

– Аңдып жүрген жоқпын. Мен мұнда бірінші келіп, Ай нұрына шомылып отырған едім.

– Ай нұрына шомылу! Адам сенбейтін әңгіме. Ақымақ қыздардың сандырағы.

– Ақымақ қыздардың сандырағы! Ай нұрына шомылу – күнге күй немесе суға шомылу сияқты. Ай нұры пайдалырақ дер едім. Әсіресе, айдың аяғында және ай толғанда, бүгінгідей жұлдызды ашық аспанда денсаулыққа пайдалы екенін барлығы біледі. Сонымен қатар, Блэк Джек атамыз да әрқашан ай нұрына шомылатын. Бірақ сен білмейтін боларсың, ол саған бөтен ғой.

Оның сөздері қылыш сияқты өткір еді. Райли үйге кіріп кетті.

– Мен бөтен емеспін! Мен Джекидің ұлымын! Бұл менің де үйім! Менің атамекенім! – деп айғайлады Джек жұлдыздарға қарап.

Тулаған толқындар тыныштанды. Джек таң қалды. Шын мәнінде толқындар әдеттегідей Блэк Джек жағалауының тастарын ұра, гүрс-гүрс соғып, буырқанып жатқан еді. Бейне оның ішіндегі бір нүктені басып, мұхит дауысын естімейтіндей етіп қойған сияқты. Джекті қатты дыбыстар мазалауды қойды.

Райли қайтып оралды ма екен деп, жан-жағына қарады. Ол да толқын даусына құлағын түріп тұрған болар. Бірақ ешкім жоқ еді. Толған айдың астында әкесінің ысқырығын қолына қыса ұстаған күйі жұлдыздарға

қарады.

«Бұлар мен көрген ең жарық жұлдыздарым болар».

Біраз уақыттан кейін, қорқынышы сейілген Джек өз бөлмесіне қалжырай жетіп, төсегіне құлады. Бұл жолы ол өз үйінде жатқандай жақсы ұйықтады.

Қазына тапқан Гудини



Келесі күні таң ертең Джек атасының ойын үйіне бет алды. Сол күні таңертең Райли Джейн апайына Джекпен палубадағы түнгі кездесуі туралы айтты.

– Джек ысқырғышпен кімге ысқырды? Суда ешкім болған жоқ.

– Кімге ысқырғанын білетін сияқтымын. Айтпақшы, сен оны бөтен адам деп атағаның үшін кешірім сұра. Үй қаншалықты біздікі болғанымен, бұл оның да үйі. Ол әулетіміздің мүшесі, – Джейн апай.

– Иә, кешірім сұраймын, – деді Райли.

Джек үйге жақындағанда бойын қуаныш кернеді. Түндегі жағдайдан соң жарылыстар туралы үрейлі, қорқынышты түс көрмеді. Толған ай астында дауыл көтерген алып толқындар түні бойы жағаға соғып жатты. Бірақ Джек ұйқыда еді. Сол түні оның жүрегі орнына түскен еді.

Джек «Ойын үйінің» ортасында тып-тыныш тұр. Бар зейінін салып тың тыңдады. Әкесі екеуі орманнан қайтқанда ол аңдарды андығанда осылай тоқтап қалатын. Джек Гудини бір жерден шыға келер деп іздеп жүрген еді. «Ойын үйі тамаша жер» деп ойлады Джек. Әлбетте, ол мұнда көп уақытын өткізетін болар.

«Бұл не?».

Джек тып-тыныш тұра қалды. Дыбыс тағы да естілді. Гудинидің еденді сызғылап жүрген дыбысы сынды.

«Дыбыс арқылы теңіз шаянын табамын. Сөйтіп оны торға салып, Виллидің төсегінің жанына қоямын, ол оянған кезде шаянын көріп қуанып қалар».

Джек теңіз шаянын көру үшін, жиһаз және жабдықтар астын іздей бастады. Жерге жата кетті. Жерден шаянның қайда жүргенін көру оңайырақ. Дыбыс бөлменің құмға көмілген тыл жағынан шықты.

– Ол мұнда екен ғой! – деп қуана кетті ол, Филлистің бейсбол бас киімі түстес шаянның қызыл қабығын байқап қалып. Шаян құрал-жабдықтарды ілуге арналған ілгіштер қағылған қабырғаның астыңғы жағындағы қуыста ұйықтап жатыр екен. Джек оны тартып алу үшін саусағын тығып еді, шаян қаша жөнелді. Есесіне Джектің саусағына бір металл тұтқа ілінді. Оны тартып қалып еді, құрал-саймандар ілініп тұрған қабырға ақырындап, теңселіп ашыла бастады.

Джек атып тұрып, артқа қарай шегінді де үнсіз қалды. Есік толығымен ашылғанда таңғы жарық шағын ғана бөлменің ішіне құйылды. Құпия бөлмеде кітап сөрелері және ортада дөңгелек үстел тұр, онда жарқыраған қорап...

Блэк Джек атаның жасырын қазына бөлмесі! Джек оны тапты. Сондай-ақ, ол үстел астындағы Гудиниді көрді. Джектің жүрегі аузынан шығардай атқақтай жөнелді. Не істеу керектігін білмеді. Мойнындағы әкесінің құтқарушы ысқырығын алып, үрлей берді. Ол басқаларға айту үшін үйден жүгіріп шыққаны сол еді, қарсы алдынан Джейн апайы мен анасы шыға келді.

Анасы:

– Джек, не болып қалды? – деп сұрады.

– Мен оны таптым!

– Алқынып тұрсың ғой, – деді Джейн апайы.

– Блэк Джек атамның қазына бөлмесін таптым! – деді ол.

Джек анасының қолын алып, оларды «Ойын үйіне» алып барды.

– Өз көзіме сенер емеспін, – деді Джейн апай ашық есіктерге қарап, сыбырлап.

– Бұл шынымен бар екен ғой.

– Әрине, бар, – деді Джек.

Джейн апайдың көзі жылтыр қорапқа түсті.

– Тот баспайтын болатқа ұқсас. Блэк Джектің таңдауы.

Үстелдегі қораптың алдында хат бар екен.

Артқы қабырғадағы сөреде бірнеше сурет тұр. Джектің қолын ұстап тұрып, анасы жас жауынгер – Бірінші Дүниежүзілік Соғыстың америкалық сарбазы бейнеленген ескі суретті алды. Ондағы жауынгер сөреде жатқан екі медальды киіп тұр.

– Ол сенің әкеңе ұқсайды, – деді анасы.

– Бұл Блэк Джек аталарың. Ол Джекеге ұқсайды. Мен оның мұндай жас кезіндегі суретін бұрын ешқашан көрген емеспін. Ғажап, – деді Джейн апай.

Джек көк баулы және күміс жұлдызды медальға қолын созды да содан соң тоқтап қалды.

– Джек, қане не екен, – деді анасы.

Джек медальді қолына алды

– Біреуі америкалық, – деді анасы, – екіншісі – франциялық. Екеуі де ерен ерлігі үшін медалі.

Сол сәтте Райли, Ник және Вилли ойын үйіне жүгіріп кірді.

– Джейн апай? – деді Райли тұншыға.

– Гудини! – деді Вилли.

Райли мен Ник Виллидің кішкене бөлмеге кіргенін бақылап тұрды.

Содан кейін олар болат қорапты қарады.

– О, мен, о, менің! Бұл., – деп сұрады Райли.

– Менің ойымша, бұл сол, – деп жауап берді Джейн апай.

– Біз оны таптық, – деді Райли.

– Шындығында, Гудини оны тапты. Мен құпия тетікті таптым, – деді Джек.

– Жақсы жұмыс, Гудини, – деп мақтан тұтты Вилли.

– Бұл кім? – деп Ник көне бейсбол ойыншысының формасын киген және көкірегінде «Нью-Йорк» деп жазылған суреттегі бейсболшыны нұсқап.

Анасы фотосуретті сөреден алып, жазылған жазуды оқиды.

– «Досым, Атлантик-Ситидің патшасы Блэк Джекке – Руттан», – деп жазылған.

Джейн апай сөреде тағы бір нәрсені алды – құтқарушының күміс ысқырығы және ақ қауырсын, бәлкім, теңіз шағаласынікі болар. Ол күлімсіреді. Қымбат заттар.

Бәрі құпия бөлменің табылғанына қатты қуанды.

– Қораптағы не? – деді Райли. – Джейн апай, қорапты ашыңызшы.

– Әуелі хатты оқу керек деп ойлаймын, – деді Джейн апай. Ол дауыстап оқи бастады.

«Құттықтаймын, сендер қазынаны таптыңдар! Хатты оқып отырсаңдар, демек мен бұл өмірде жоқпын. Өкінішім жоқ. Өмірім керемет өтті дей аламын. Әркімнің өмімінде де дауылды-жауынды сәттер болады... Мына қораптың ішіндегі заттар дауылды-жаңбырлы күндеріндегі алаң көңілдеріңді басады деп сенемін. Қораптағы өзіңе керек затты ғана алып, орнына сендерден кейінгілерге қажет болады-ау деген затты тастап кету керек. Ол отбасымызға пайдалы зат болса құба-құп. Сіз кімсіз? Сізді танимын ба? Мен осы хатты жазып отырғанда сіз әлі дүниеге келмеген де шығарсыз? Өте қызық жайт, солай ғой?!».

Бәрі үнсіз, бірақ олардың көз жанарлары жалтыраған қорапта. Ішінде Джек атаның өз қолымен жасаған заты болар. Джейн апай қорапшаның қақпағын ұстап тұрған жалғыз түймешені жайлап аша бастады. Қобдишадан әдемі әуен төгіле жөнелді. 1930 жылғы ән. Ақша туралы ән.

– Блэк Джек аталарыңның қалжыңқой көңіл-күйіне сай келетін ән екен, – деді Джейн апай.

Қорапта 11 алтын тиын және бір парақ қағаз бар екен.

Джейн апай тиынды алып, оны зерттей бастады.

– Ежелгі ақша. Тиында Цезарға ұқсас адамның басы бедерленген. Бұл – таза алтын, – деді апайы.

– Алтын бар-ау деп ойлап едім, – деді Райли.

– Бұл не қағаз, Джейн? – деп сұрады Кейт.

Джейн апай ақ қағазды алып, бүктеуін жаза бастады.

– «Қ. Қ. М.» деп жазған. Бізге дейін мұнда біреу болған, алтын тиынды сол тастап кеткен, – деді апайы.

– «Қ. Қ. М.» деген не? – деп сұрады Ник.

– «Қ. Қ. М.» – Қарызды қайтаруға міндеттімін, – деп түсіндірді анасы.

– Оны кім қалдырды? – деп сұрады Джек.

– Оны жазған кім болса да қолын қойған жоқ, әрі күнін де жазбапты, – деді Джейн апай.

– Міне, құпия, – деді Райли.

Ең керемет жаз



Блэк Джэктің қазына бөлмесі табылғаны туралы хабар Маргейт-Ситиге тез арада тарады. Сол үйдің барлық балалары жергілікті жердің әйгілі адамдарына айналды. Гудинидің суреті «Уддер-Делайт» қабырғасындағы құтқарушылардың қасында тұр. Қазынаның өзге де іздеушілері төрт баланы құттықтау үшін, сондай-ақ, құпия бөлмені көру үшін Блэк Джек атаның «Ойын үйіне» келді.

Джек Коди мен Эндрюге Skype арқылы хабарласып бәрін айтып берді. Ол бауырлары және Гудини туралы бейнежазба жіберді. Достарына Блэк Джек жағалауы туралы көбірек әңгімелейтін болып уәде етті.

Одан соңғы бірнеше аптада аса ештеңе болған жоқ. Су жылыды, Джек суда сырғанауды тамаша меңгеріп алды. Келер жылы бұдан да күшті сырғанайтын болады.

Вилли әлі де Гуддинидің торын құлыптаған жоқ, бірақ теңіз шаяны қашпайтын болып алды, бейне ол енді өзінің әйгілі болғанын түсінетіндей.

Ник Ұялы телефон ханшайымы мен Виллиді келемеждеуін қойған жоқ. Райли болса, Ай нұрына шомылудан өзге уақытта, қыс бойы «Қ. Қ. М.» туралы ойланып, сол құпияны шешуге тырыспақ.

Джек пен Кейтпен бірге жазды өткерген Джейн апайы да бауырынан айрылғандағы қайғысынан сәл де болса жеңілдегендей. Ол бауырлардың тай-құлындай тебісіп, бірге өскені жақсы деген ойға бекіді.

Колорадоға кетерден екі күн бұрын Джек пен анасы жағалауда қыдырыстап жүргенде анасы Джектен сол бір айлы түні Джектің

ысқырықпен жанұшыра не үшін ысқырғанын сұрады.

– Әкеңнен көмек сұрадың ба?

– Қорықтым. Өзімді жалғыз қалғандай сезіндім.

– Блэк Джек атаң бұл дүниеден өткенде, ағайын-туыс үлкен ас берді. Атаңның құрметіне Грейт-Эгг-Харбор шығанағында суда жүзіп, өткен күндерді еске алып, тарқасты. Блэк Джек атаң отбасымен және достарымен тамаша өмір сүрді. Атаң ерекше қағидамен өмір сүрді. Блэк Джек жағалауын небары 16 жастағы сүйікті немере қарындасына мұраға қалдырғанда да ешкім таң қалған жоқ.

– Немере қарындасы дегеніңіз Джейн апай ма?

– Иә. Блэк Джек атаң Джейн апайдың бұл үйде барлығымыздың басымызды қоса алатынын білді. Кей-кейде өмірде болатын дауылдары сәттерде осы үйге келіп күш жинауға мүмкіндік беретін адам екенін түсінді. Блэк Джек жағалауындағы үй – біздің үйіміз. Сенің әкең де осылай ойлайтын. Мен да солай ойлаймын, – деді анасы. – Блэк Джек жағалауы барлығымызды біріктіреді.

– Жағдайым жақсара түскендей, – деді Джек. – Әкем бізді тастап кеткен жоқ. Мен оны білемін. Ол менің жүрегімде. Ол сенің де жүрегіңде. Ол Блэк Джек жағалауында жүргендей. Мен енді қорықпаймын. Әкем маған ештеңе қарыз емес, сен оны білесің!

Джек жылы жымыып, анасын қатты құшақтады. Анасы оның шашынан иіскеді. Джектен Блэк Джек жағалауында өткізген керемет жаздың ең жаймашуақ сәтіндегі күн иісі маңдайында бұрқырап тұр еді.

О ҚЫРМАН НАЗАРЫНА



Әрине, ата-ананың өлімі өте ауыр және олардың біреуінен айрылсаң, қатты қайғырасың. Ата-ананың орнын ешкім баса алмайды. Оларсыз өміріңде бір нәрсе үңірейіп тұрғандай сезімде боласың. Қайғыға батқанда, не істеу немесе не айту керек екенін білмеуің мүмкін. Қайғы дегенде не? Адам қалай қайғырады? Осындай қиын сәттерде өзіңді қалай күтуің керек?

ҚАЙҒЫ ДЕГЕН НЕ?

Қайғы – әлдекімнен айрылған сәттегі эмоциялық көңіл күй. Қайғының соңы мазасыздыққа, уайымға немесе қорқынышқа ұласуы мүмкін. Ызаланып не өзіңді кінәлау сезімін бастан өткеруің мүмкін. Дел-сал, бей-жай күй кешетін сәттер де көп болады. Бұл сезімдердің барлығын да бастан өткеруің де мүмкін. Қайғылы жағдайға кезіккенде, ата-анасынан айырылғанда әр адам әртүрлі қайғырады.

ХАЛ-ЖАҒДАЙЫҢ ЖАҚСЫ МА?

Қайғыға батқан кезде, жүрегің ауырып, ұзақ уақыт бойы жабырқап жүресің. Қайғыдан айыққың келсе, жүрегіңді ауыртқан не екенін анықтап білген жөн.

Қайғы. Балалар қайғырғанда, қатты жабырқайды. Анаңды немесе әкеңді, олармен бірге өткізген күндерді, бірге жүрген орындарды аңсап, болашақта бір болмаймыз-ау деген ой жүректі сыздатады. Қайғысы қатты меңдеген бала қатты жылап, көз жасын тия алмай қалады. Ал кейбір бала жанын ауыртқан жағдай туралы әңгімелескісі келеді.

Есеңгіреу. Қайғының жанды ауыртаты соншалықты, кейде балалар қасіреттен есеңгіреп қалады. Ол кезде қайғырудың орнына ештеңе сезбеуі мүмкін. Мұндай сәтте мен неге қайғырмадым деп балалардың өздері де іштен қысылып-қымтырылуы мүмкін. Мұндай жағдайға түссең, еш қысылма. Қайғы еңсеңді басып жіберетін болғандықтан, ақылың қорғап, ол сезімді жүрегіңе жеткізбей тұруы мүмкін.

Ашу. Ашуланған бала айғайлап, ызылануы мүмкін. Кейде ашу басқаша байқалады – өзінді тым қатал ұстауың мүмкін. Қайғы жанын жеген бала кейде қатты ызақор болады, сондықтан тәртіпке бағынбай кетеді. Демек, ашуланғаның кейде өмірде әлдекімді жоғалтқаныңа келіспегендіктен туған сезім. «Ашулы баста ақыл жоқ». Сондықтан ашуланған адам кейде қайғы, қобалжу және ауыртпалық сезімдерді ұмытып кетеді. Демек, бұл сенің қорғаныш сезімдеріңнің іске қосылғаны деп те түсінген дұрыс. Өзге сезімдерге қарағанда ашуды шығарған оңайырақ. Ашу – сені одан да жаман эмоциялардан қорғауы да мүмкін.

Уайым. Ата-анасының өлімінен кейін кей баланың бойын қорқыныш билеп, қатты уайымдайды. Балалар кез келген уақытта жамандыққа тап боламын деп уайымдап, алаңсыз ойнауы қиындай түседі. Әсіресе, естияр жастағы балалар ең жақын адамы қайтыс болған соң, тірі қалған жақынының көз жасын көріп, оның қамын ойлап алаңдай бастайды. Бұл уайым «Енді кім қамқорлық көрсетеді?» деген үлкен сұраққа жетелейді. Мынаны ұмытпаған жөн, сені жақсы көретін бір ересек адам әрдайым қасыңнан табылады.

Кінә. Қайғырған бала шаттана алмайды. Ата-анасын жоғалтқан бала әкем не анам қайтыс болып кеткенде менің күліп жүргенім не деп өзін жиі кіналайды. Тірі қалған анасының не әкесінің мұңды жүзін көріп қалса, өзінің шаттанғанына тіптен де кінәлі сезініп, әбден уайымдайды. Анасына не әкесіне бір кездері ашуланған кезін еске алып, соның себебінен ол қайтыс болып кетті ме деп қатты алаңдайды. Сенің ойың, ашуың, тілегің ата-анаңның біреуінің өліміне себеп болған жоқ. Мұны ешқашан ұмытпа. Өзіңді кәналау да ешкімге көмектеспейтіні есінде болсын. Ешқандай ата-ана баласының өз-өзін кінәлағанын қаламайды. Барлық ата-ана өз перзентінің бақытты болғанын қалайды.

ҚОЛЫҢНАН НЕ КЕЛЕДІ?

Қайтыс болған анаңның не әкеңнің қайғысы жаныңды жабырқатса былай істеген жөн. Иә, дүниеден өткен ең жақын адамың туралы жақсы нәрсе ойлау оны ұмытты дегенді білдірмейді. О дүниелік болған жақын адамыңды ұмыттың деген де сөз емес. Отабсыңның көмегімен және жарқын істер істеу арқылы қайғыңды жеңілдете аласың.

Әр өлімге адамның қайғыратынын, және қайғының ұзаққа созылуы мүмкін екенін ұмытпа. Балалардың көбі анасынан не әкесінен айрылған алғашқы уақытта қайтты қайғырады. Кейінірек қайғысы жеңілдей түседі. Уақыт өте келе бала өз-өзіне келіп, жағдайы жақсара түседі. Иә, қайтыс болған жақынын ұмытып кетпейді, бірақ өмірдің жалғаса беретінін түсінеді.

Достарың және отбасыңмен бірге бол. Қайғы еңсені басқанда жалғыз қалғың келеді. Бұл қалыпты жағдай және балалардың көпшілігі осыны қалайды. Күйініп, ызаланып, достарымен шекісіп те қалуы мүмкін. Күнделікті қарым-қатынастардан қол үзіп, сонысына қатты ызалануы да мүмкін. Уақыт – емші. Сондықтан уақыт өте келе, достарыңмен, отбасыңмен бұрынғыдай араласа беруге тырысып көр. Өзіңді жақсы түсінетіп, сөйлескің, араласқың келетін жандармен бірге жүруді естен шығарма.

Мүмкіндік болса, басқалармен сөйлесуге тырысыңыз. Ата-ананың өлімі туралы айту өте қиын. Кейбірі бұл жайында сөйлескісі, енді бірі жақ ашқысы келмейді. Осыны ұмытпа. Анаң не әкеңнің өліміне немесе жалпы өлім мәселесіне қатысты сұрақтар туындаса, қысылмай сұрақ қой. Басқа туыстар, үлкендер, мұғалімдер немесе көршілер сені қолдайды. Кейде өзіңді алаңдататын дүние туралы әңгімелесу де керек. Бұл жағдайда достарың мен бауырларың (әсіресе үлкендер мен жас-өспірімдер) көп көмек көрсете алады.

Жүрегің қалаған істі істе. Сабақтан соң футбол ойнағың келсе, ойнай ғой. Көп оқығанды ұнатсаң, тағы бір кітап оқып шық. Компьютерлік ойындарды ұнатсаң, оны да ойна. Саған ұнайтын нәрсе – дұрыс және пайдалы болуы керек. Бұл маңызды өзгерістер кезінде қауіпсіздікті және тұрақтылықты сезінуге көмектеседі.

Ұмытпа және естен шығарма. Ең жақын адамыңды жоғалтқанда, оны ұмытып кетудің орнына сол адамды есте сақтап қалуға тырыс. Әкеңнің немесе анаңның мейірімін естен шығарма. Әкең не анаңның үйреткені де жадында болсын. Иә, естеліктер жабырқатар, бірақ естеліктер қайтыс болған жақын адамыңмен арадағы байланысты сақтайды. Бұл қайғыны жеңілдетері сөзсіз.

Естеліктерді сақта. Ата-анаңның естелігін әртүрлі тәсілдермен есте қалдыр. Сіз ата-анаңның және бүкіл отбасының фотосуреттерін қара. Жазба кітапшасын немесе фотосуреттер альбомын жаса. Суреттер мен естеліктермен бөліс. Ата-анаңа арнап ағаш ек, бау-бақша отырғыз. Күнделікті әңгімеңде ата-анаң туралы естеліктерді «Анам бұл фильмді жақсы көруші еді», «Әкем сияқты мен де мұны істей аламын», – деп айтып жүр.

Өзіңмен сөйлес. Балалардың көбі қиналғанда өз-өзімен, іштей сөйлеседі. Бұл «өз-өзіңмен сөйлесу» деп аталады. Жағдайың нашарлай бастаса, өзіңе: «Қазір мұңайып тұрмын, бірақ анаммен бұл туралы сөйлесуге болады, кейінірек өзімді жақсы сезінемін» немесе «Әкем қайтыс болғанына ашуланып, менің сезімімді жазуға тырысамын немесе өзім сезінген нәрселерді салуға тырысамын, мүмкін бұл маған көмектесер» деп көр.

Дайын бол. Кейбір орындар, жылдар, уақыт, туған күндер немесе мерекелер қайғынды үстей түседі. Мұндай жағдайда көп алаңдай берме, бірақ қайғыға да дайын бол. Мысалы, туған күнің енді анаңсыз өтетіні жаныңды ауыртса, бұл туралы әкеңмен сөйлес. Әкең анаң жайлы жақсы естеліктер айтып, көңілің сәл де болса көтеріліп қалар. Анаңа арнап дұға тілеп, не болмаса ол жайлы өлең жазып көр. Досыңды не көршіңді шайға шақыр. Олар да қайғынды жеңілдетер.

Қорқынышты түс немесе шытырман ойлар бәрінің де басында болатын жағдай екенін естен шығарма. Балалар ата-анасының өлімінен кейін қорқынышты түстер көріп, шытырман ой жетегінде кетуі әбден мүмкін. Кейде қайтыс болған ата-анаңмен шат-шадыман болып жүрген сәтін түске енеді. Қуанып оянған бала, қайтың болған жақын адамының өмірде жоқ екенін еске түсіріп, қатты қайғырады. Кейде түсің жағымсыз не қорқынышты болып, сені одан әрі қайғырта түседі. Ата-анаңды жерлеп жатқан сәт те түсіңе енуі мүмкін. Демек, сен өңіндегі қайғың сейілмей, түсіңде де мазанды алғаны. Түс, тіпті ең қорқынышты түс сіздің бейсананда қалып қойған қайғы, алаң көңілің, уайымың. Мұндай түс көргенде ересек адамға жасырмай айт. Түсіңде көргеніңді жазып не суреті салып қоюға болады. Мұндай түсті жиі көре берсең, мектеп психологына да жай-жапсарлы айтып бер.

Көмек сұра. Әкесі не шешесі қайтыс болған балаға кітап та көмектеседі. Қайғың тым ауыр болып, мектепте, үйде, достарыңмен араң ушығып, жағдай қиындап кетсе, қосымша көмек не кеңе алуың керек. Үлкендермен, әкеңмен не шешеңмен әңгімелес. Олар саған көмек қолын созып, кәсіби терапевт, кеңесшімен кездестіріп, қайғыңды жеңілдетуге көмектеседі.

БЛЭК ДЖЕК АЙЛАҒЫ

Әскери қызметте жүрген әкесі Ауганстанда опат болған соң, Джек қатты шошынып қалады. Түсінде шошып оянады. Достарымен де араласқысы келмейді. Бойын үрей әбден меңдеп алды. Анасы жазды қиырдағы Джерсиде өткізу туралы шешім қабылдағанда, оның бойындағы уайым-қайғы тіпті үдей түседі.

Джек Блэк Джек жағалауының құпиясымен танысады. Бауырларымен бірге атасы жасырып кеткен қазынаны іздейді. Жанын жеген уайымды бауырмалдық, туыстық сезімнің қалай жеңіп шығатынына сен де куә бол. Атлант мұхитының асау толқындарына, жағалаудағы жартастарға, құмды жағажайларға Джекпен бірге саяхаттап, әкесінің ауыр қазасынан соң, жүрегін сыздатқан сағынышын қалай басқанын сен де жақсылап оқып ал.

Филадельфияда туып-өсіп, білім алған Майкл А.Карестио жарнама саласындағы жауапты қызметтерде еңбек етіп келеді. Балалар әдебиеті әлеміне бала күнінде әкесінен айрылғандағы сезім қылын шерткен әңгімесімен енді. Оқиға Оңтүстік Джерси жағалауындағы бүкіл әулет бас қосатын үйде, жаз мезгілінде өрбиді.

